12+



БАСТЫ ТАҚЫРЫП:

## «ЗИРАТ БАСЫНА ТЫНЫШТЫҚ КЕРЕК»

3 бетте

2023 жыл / 6 қазан / жұма / №109 (19519)

«Қостанай таңы» қоғамдық саяси газеті 1922 жылдың 25 маусымынан шыға бастады

# Qostanai tańy

kostanaytany.kz e-mail: kostanaytany@mail.ru

Б.КӨРКЕМБАЕВ



**Облыс әкімі Құмар Ақсақалов Мұғалімдер күніне орай ұйымдастырылған салтанатты іс-шараға қатысты. Қостанай қаласындағы «Жастар» сарайында өткен жиында келген қонақтармен бірге «Ұстазым» әні шырқалды.**

# "ТҰЛҒАНДЫ АРМАНЫМА ҰҚСАТҚАНМЫН"

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Алдымен аймақ басшысы білім саласындағы оң көрсеткіштерге тоқталып, педагогтарды мерекемен құттықтады.

«Мұғалімдер күні кәсіби мерекемен қатар, отандастарымыздың білім жолындағы басын біріктіретін ұрпақ мерекесі. ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Педагогтар еліміздің болашағы үшін тынбай еңбек етуде. Ұстазсыз адам болмайды. Әрқайсымыз ұстаздан оқып білім алғанбыз», – деген. Әрбір парасатты адамның өмірінде есімі ешқашан ұмытылмайтын, ұлағатты, үлгі тұтатын ұстаз болады. Қостанай облысының барша педагогтарын мұғалімдер күнімен құттықтаймын», – деді өңір басшысы Құмар Ақсақалов.

Облыс әкімінің айтуынша, білім саласын қаржыландыру көлемі жыл сайын артып келеді. Мәселен, соңғы үш жылда білім беру саласының бюджеті 1,3 есеге өсіп, 178,5 млрд теңгеге жеткен, бұл облыс бюджетінің үштен бірі.

«Мұғалімнің маңызды міндеті – оқушының таланты мен қабілеттерін ашу. Біздің өңірдің оқушылары зияткерлік жарыстардың халықаралық 20 жүлделі және 70 республикалық орындарына ие болды. Республикалық олимпиадаларда жоғары нәтижелерге қол жеткіздік. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша жүлделі үшінші орын және жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша екінші жалпы командалық орындарды иеленді. Шәкірттері ғылыми жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізетін мұғалімдердің есімін атап өтпекшімін. Олар – «Білім-Инновация» лицей-интернатының физика пәнінің мұғалімі Серік Мақсат, Қарабалық ауданының Новострой мектебінің математика пәнінің мұғалімі Дамир Исмагилов, Меңдіқара ауданының Жангелді мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Амангелді Якупов, Қостанай қаласы М.Горький гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Ирина Науменколар.Бұдан бөлек, ұстаздар әулетінің тамаша дәстүрін бөлек атап өткім келеді. Мәселен, 1890 жылдан бастап Сарыкөл ауданында Шаймерденовтер әулеті ұстаздық жолды бастаған. Барлығымызға үлгі ретінде өз қаражатына өңірде алғаш рет мектептердің бірін ашқан. Шаймерден арғы атасы үлгі болды. Бүгінде отағасы Сүйіндік Шаймерденов, сондай-ақ оның жұбайы, қызы мен күйеу баласы ұстаздық жолды жалғастыруда», – дей келе облыс әкімі аймақты білім саласын жетілдіруге үлес қосып жүрген бір топ мұғалімді марапаттады.

2-бет

## МОНОҚАЛАДАҒЫ ИГІ ІСТЕР



2 бетте

## ҚАДАМЫ НЫҚ ҚЫЗЫЛЖАР



4-5 бетте

## АЛДЫМЕН АШЫҚТЫҚ КЕРЕК



7 бетте

СӨЙЛЕ, ЦИФР!

## ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ 10 ШАҚЫРЫМЫ АУЫСТЫРЫЛҒАН

2 бетте

## ОҚШАУ ОЙ



# «Мен не деймін, домбырам не дейді?»

Кенжеш ОРАЗҒАЛИҚЫЗЫ

Көңілге қаяу түсірген, намысқа тиген бір сәт үнемі естен кетпей жүр. Егер әр қазағым солай ойласа, шаңырағының билігін өз қолына алып, көзінің қарашығындай бағып-қағып отырған ұрпағын өз ана тілінде сөйлете алмаса, кімнен не сұраймыз, көштің басын қайда бұрамыз, үкімет басындағылардан не талап етеміз?..

Оқиғаға келер болсақ, өздеріңіз білесіздер, Қостанай өңіріндегі қазақ тіліндегі жалғыз тарихи басылым «Қостанай таңы» газетінің оқырмандарымен кездесуім өткен жылдың аяғынан бастап 20 аудан-қаланың басым бөлігінде өтті. Ең алдымен, ұстаздар қауымынан бастап, денсаулық сақтау, мәдениет саласы, кәсіпкерлер, ауыл-аймақтарды да аралап, елдің бүгіні мен ертеңі, ұлттығымызды сақтау жолындағы негізгі парыз-міндеттеріміз, отбасымыздағы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу турасында біраз ой бөлісіп, әңгімелескен едік. Қызу кездесулердің бірінде «ауылымызда екі баланың тілі орысша шықты» дегенді естігенде, қорқыныш, үрей бойлады бойымды. Неге? Қайран қазағым-ай, сонда қалай, өзге ұлттар шоғырланған елді мекендердің халқын қазақ тілінде сөйлетеміз деп, бабалар ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздікті ту етіп отырған бірнеше онжылдықта, қазақтың түп-тамыры, алтын бесігіне айналған, руханиятымыздың темірқазығы болған қазақы ауылдан өзге ұлт туды деген не масқара?! Батыр да дана қазақтың ұрпағын өз қолымызбен өз ана тілінде сөйлетпей, жасанды жолмен өзге ұлтқа айналдырғанымыз қалай?

Сондағы менің қояр бір ғана сұрағым болды: «Айтыңызшы, кім кінәлі?». «Ютуб» кінәлі екен. Қазақы ауылдан шыққан қара баланы нағыз қазақ қылып дүниеге әкеліп, тілін шығаруымыз үшін әлемдік интернетті түгел қазақтандыруымыз керек екен. «Мен не деймін, домбырам не дейді» деген күй кештім осы шақта.

Иә, «Ана тілі» деп атам қазақ неге айтты, өйткені, ұлттың тілі ананың ақ сүтімен туған перзенттің бойына сіңеді, қуат береді. «Құлыным», «ботам», т.б. еркелеткен ананың үнін, күйін, жырын, әуенін естіп өскен баланың бал тілі қазақ тілінде шығары анық. Бұл табиғи заңдылық, үндестік.

Ал енді заңға келсек, неліктен ең алдымен анаға бала күтімі бойынша демалыс беріледі? Сол уақытта баланың ақыл-ойы қалыптасып, тілі бітіп, тәй-тәй қадамын басып, қоғамдық ортаға бейімделеді. Ұлттың толыққанды қалыптасуы әр әйел-ананың жауапкершілігінде. Ер азаматты түздің адамы деуші еді асыл аналарамыз, ол – шындық. Кезінде, осы Қостанай өңірінде кеңес үкіметінде санаулы қазақ отбасы тұрса да, өзге елдің тілі шарықтап, аспандап елді билеген шақта ана тілін бүгінгі ел тұлғалары, алдыңғы буын әкелеріміз, ағаларымыз ұмытпаған. Ұлттық тәрбие отбасыдан басталады. Міне, бұл ошақ басындағы ұлттық тәрбиенің дұрыс жолға қойылғанын көрсетті.

Ұлы Абай он тоғызыншы қара сөзінде, «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады», – деген.

Жаңа туған нәрестенің бойына ұлттың тілін, дінін, тарихын, мәдениетін сіңіріп, тәрбиелеу «Мен қазақпын» деген, намысын бермеген әр шаңырақ иесінің парызы.

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды», – деді А.Байтұрсынұлы.

Ел арасында жүріп, әртүрлі адаммен кездесіп, олардың көзқарасын, пікірін тыңдаймыз. Бәрін дұрыс түсінуге тырысамыз. Көмегін тигізуге ықыласы жоқ, ақпараттық қауіпсіздік деген не, қазақ газетін не үшін қолдау керек, соны түсінбейтін, жасаған аз-мұз жәрдемін міндетсініп тұратын басшыларды да көрдік. Олардың «бізге газеттің, сіздердің жұмыстарыңыздың не пайдасы бар?» дейтінін қайтерсің? Сонда деймін, басшылықта жүрген замандастарымыз осылай деп жатса, басқалардан не қайыр күтеміз? Елдің, Президенттің саясатын басты бағыт етіп отырғандықтан, «жанымыз бір кемеде» деп, мемлекет қызметінде жүргендерді өзіміздей көретін бізді жатсынғаны ма?! Әлгі мақал осы сәттерде ойыма орала берді, жаны қазақ деп тұрса олай демес еді-ау.

Қазақ тілінің тағдыры қазақтың қолында. Ата-ананың ұрпағымен ана тілі – қазақ тілінде сөйлесуі үшін қомақты қаражат пен материалдықтың көмектің қажеті жоқ шығар.

Ұлтын сүйіп, тілін сүйер қазаққа, ең алдымен намыс керек! Намысшыл халқым жасасын!

# Ерекше еңбегі үшін



Ұстаздар күніне орай ҚР Президентінің Жарлығымен Қостанай қаласының № 3 мектеп - гимназиясының мұғалімі Зәуреш Сақытбайқызы Даумоваға "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағы берілді.

Облыс әкімі Құмар Ақсақалов марапат иегерін құттықтап, төсбелгіні табыстады.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағы белгіленген, ол мұғалімдерге Қазақстан Республикасы алдындағы айрықша жетістіктері мен ерекше еңбегі үшін беріледі. Қазақстан Республикасының құрметті атағына ие болған адамға белгіленген үлгідегі төсбелгі тапсырылады.

"Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағына ие болған ұстаздар "педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерде біржолғы төлем алады.

Қостанай облысында бұған дейін аталған марапатқа 2021 жылы Қостанай қаласының №23 мектебінің директоры Саутбаев Бауыржан Шәкіржанұлы ие болды.

# «Тұлғаңды арманыма ұқсатқанмын»

1-бет

Қостанай облысының білім беру саласында 20 мыңнан астам педагог, тәрбие, өндірістік оқу шеберлері жұмыс істейді. Өткен жылдармен салыстырғанда, өңіріміздегі жаңа біліктілік алған педагогтардың саны алпыс алты пайызға артқаны байқалады.

Соңғы төрт жыл ішінде ұстаздардың жалақы мөлшері екі есеге өсті. Мектепке дейінгі педагогтардың жалақысы отыз пайызға артты. Бұл мұғалімдердің мәртебесін көтерудің тағы бір маңызды қадамы екені сөзсіз.

Марапаттау кешіне келгендердің қатарында еңбегі ескеріліп жатқан жас ұстаздар да бар. Солардың бірі – Сарыкөл ауданынан келген Есбол Өміртай.

«Мұғалім болуыма қазақ әдебиетін жақсы көруім себеп болды. Біздің мектепте байқауларға қатыстыру арқылы әдістемелік қолдау ұсынып келе жатыр», – дейді Урицкий мектеп лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Есбол Өміржан.

Биыл Есбол үшін жемісті болғанын айта кету керек. Талантты ұстаз дарынды балаларға арналған республикалық байқауда екінші орын алды. «Идеялар панорамасы» конкурсында бас жүлдені еншіледі. Бұдан да басқа облыстық, аудандық байқаулардың жеңімпазы.

Марапат иелеріне облыс әкімінің грамотасы, «Ы.Алтынсарин» және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері төсбелгілері, «Еңбек ардагері» медалі және тағы басқа түрлі номинациялар табыс етілді.

Салтанатты іс-шара концерттік бағдарламаға ұласты.

# Моноқаладағы игі істер

**Рудный жылу электр орталығында жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Қазандықтар жөнделіп, жылу желілері жаңартылды.**

Айтолқын АЙҚАДАМОВА



Жыл басынан жоспарланған шаралардың іске асырылу барысымен облыс әкімі Құмар Ақсақалов танысты. Моноқалаға жұмыс сапарымен барған өңір басшысы тағы бірқатар нысандарды аралап, нақты тапсырмалар жүктеді.

Президент жыл сайын 40 шақырым желіні жөндей отырып, ескірген жылу желілерінің үлесін 2029 жылға қарай 40%-ға дейін төмендету міндетін қойды. Облыс әкімі моноқалаға жылу энергиясын жеткізуші «Рудный ЖЭО» АҚ-да жөндеу жұмыстарымен танысты. Жыл басында жоспарланған жылу желілері бойынша жұмыстар аяқталуға жақын. Үш күн ішінде ауаның орташа тәуліктік температурасы +10 градустан төмендеген жағдайда, жылу беруге дайын.

Биыл Горняков көшесіндегі жылу жүйелері жаңартылған. Жоспарға сай 10 шақырымы ауыстырылған. Келер жылы да жұмыс жалғасады. Облыс әкімі Ленин көшесіндегі қайта қалпына келтіріліп жатқан үйдің жөндеу жұмыстарымен де танысты. Бастапқыда 2 үйді жөндеу жоспарланған болса, қазіргі уақытта 4 үй қалпына келтірілді. Мұнда 56 пәтер бар. Келесі жылы тағы 4 үйді қатарға қосу жоспарлануда. Бұл үйлер кезекте тұрған азаматтарға да, коммерциялық жолмен де берілмек.

Сайлау

# Алда сайлау

**Алда тағы бір маңызды саяси науқан келе жатыр. Аудан және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау уақыты жақындап қалды.**

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Қостанай облыстық мәслихатының депутаттары аудандар мен облыстық маңызы бар қала әкімдерінің пилоттық сайлауын өткізу үшін облыстың 5 өңірін айқындады. Оның ішінде Алтынсарин, Денисов, Қарабалық, Федоров аудандары және Рудный қаласы бар. Жалпы сайлау науқанында 5 аудандық аумақтық сайлау комиссиясы және 194 учаскелік сайлау комиссиясы қатысады. Облыстық маңызы бар қалалар мен аудан әкімдерін сайлау азаматтардың жергілікті атқарушы билік деңгейінде шешімдер қабылдауға тікелей қатысуын кеңейтуге бағытталған саяси реформалардың маңызды кезеңі. 15 қыркүйекте аумақтық сайлау комиссиялары аталған өңірлердің әкімдерін сайлауды 2023 жылғы 5 қарашаға тағайындау туралы қаулы қабылдады.

– Сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарлары бекітілді. 16 қыркүйек пен 5 қазан аралығында әкімдікке кандидаттар ұсынылды. ҚР сайлау туралы Конституциялық заңына сәйкес әкімдікке ұсынуды саяси партиялар мен азаматтар өзін-өзі ұсыну тәртібімен жүргізеді. Сайлау комиссиялары кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң талаптарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша жұмыс жүргізді. 10 қазанға дейін кандидаттарды тіркеу жүргізіледі. Сол күні сағат 18.00-ден кейін әкімдікке кандидаттардың сайлау алдындағы үгіті басталады, – дейді облыстық сайлау комиссиясының мүшесі Жәлмила Именалинова.

Жергілікті атқарушы органдар үгіт материалдарын орналастыруға арналған орындарды, сайлаушылармен кездесуге арналған үй-жайларды белгілейді. 15 қазанда жергілікті атқарушы органдар сайлаушылар тізімін сайлау учаскелеріне береді, ал 20 қазаннан бастап әрбір сайлаушы өзінің сайлау учаскесіне келіп, оны сайлаушылар тізіміне енгізумен танысуға құқылы. Әкімдерді сайлау жөніндегі сайлау науқаны туралы барлық ақпарат аумақтық сайлау комиссияларының интернет-парақшаларында орналастырылған және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Мәселе

# «Зират басына тыныштық керек»



**Таяуда әлеуметтік желіде жарияланған «Арқалық қаласының мұсылмандар қорымында ай белгілері жоғалып жатыр» деген ақпарат жалған болып шықты.**

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ



Мәселенің мән-жайын білмекке Арқалық қаласы полиция басқармасының тергеу бөлімі қызметкерлері мен Мұхтасиб Әлмұхамед мешітінің бас имамы қорым басына арнайы барды. Алайда ол жерлерден айтылған жайтқа байланысты ешқандай айғақ табылмады. Бейіттердің басына орнатылған ай белгілері сол қалпында тұр. Бір ескерерлігі, ай белгілері тамдардың бірсыпырасында мүлде орнатылмаған. Ал табиғи құбылыстармен, уақыттың өтуімен бірді-екілі түсіп қалғандары бар, бірақ оны ешкім алмаған.

«Біраз жерді шолып, аралап шықтық. Бейнебаянда айтылғандай оғаш көріністерді көрмедік. Барлық бейіттердің айлары өздерінің орнында тұр. Қорымда көп тамдарға ай белгісінің мүлде орнатылмағанын ескеру қажет. Оны орнату-орнатпау әркімнің өз еркінде. Жалпы, зират басына тыныштық керек. Бұл бір басы артық әңгіме қылатын нәрсе емес. Мұсылман халықпыз. Осы жерде ата-бабамыз, жақын-жуықтарымыз жерленген. Әлеуметтік желіден тосын жарияланымды естігенде бәріміз де қатты шошынып қалдық. Сондықтан, бір нәрсе айтпас бұрын әбден оның байыбына толық көз жеткізіп алғанымыз жөн. Халыққа тарататын ақпараттарымызға абай болсақ екен», – дейді қалалық мешіттің бас имамы Нұрхан қажы Бақтыбай.

Ел ішіне тарап кеткен жағымсыз ақпарат көпшілікті алаңдатып, әуре-сарсаңға салып қойды. Жан-жақтан хабарласып, мәселенің анық-қанығын сұрап жатқан азаматтардың қатары аз болған жоқ.

«Қорымның басына «вандализм» немесе ұрлық фактісінің бар-жоғын анықтау үшін арнайы бардық. Қалалық мешіттің бас имамымен бірге аралап қарау барысында ондай әрекеттердің болмағанына көз жеткіздік. Адам қолымен бұзылған, болмаса ұрланған бейіт белгілерінен қалған қылмыс жасау орындары анықталған жоқ», – дейді Арқалық қалалық полиция басқармасының тергеу бөлімінің тергеушісі, полиция аға лейтенанты Әлішер Мұратұлы.

Куәгерлер де ондай өрескел жайттың болмағанын растап отыр. Сөйтіп, мәселенің мән-жайын анықтаушылар «ақпарат жалған» деген ортақ тұжырымға келді.

Өзекті мәселе аяқсыз қалмас үшін құқық қорғау органдарының өкілдері әлеуметтік желіде жарияланым жасаған азаматтарға бәрін түсіндіріп жатыр. Түсірілім куәгерімен бірге видеода көрсетілген бейіттерді аралау барысында да зират басындағы ешбір ай белгісінің ұрлану фактілері кездеспеген.

**Суреттерді түсірген автор**
Арқалық қаласы



# Ақпараттық хабарлама

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС ҚР "Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы" Конституциялық заңына сәйкес, осы жылдың 5 қарашасында өтетін аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлауға қатысатын кандидаттардың үгіт-насихат материалдарын газет бетінде және kostanaytany.kz сайтында жариялаудың төлемі, тәртібі мен шарты туралы хабарлайды.

**Газет бетінде жариялау шарты:**

– Ақ-қара түсті газет бетіндегі материалдың әр шаршы сантиметріне 200 теңге;

– Түрлі-түсті газетте 1 шаршы сантиметр үшін 240 теңге;

– Газетте жарияланған материалды сайтта қайталау – 5000 теңге;

– 280х200 px көлемді баннерді (статикалық) барлық беттерде (өтпелі) орналастыру (сайттың оң жағы) – 1000 теңге;

– 200х200 px көлемді баннерді (статикалық) барлық беттерде (өтпелі) орналастыру (сайттың оң жағы) – 800 теңге;

– Мәтінді орыс тілінен қазақ тіліне аударғаны үшін бір бетке (пішімі – А4) 2000 теңге;

– Газетте жарияланбаған материалды **kostanaytany.kz** сайтында жариялау (бос аралықтарды ескере отырып, 5000 таңбаға дейін, тапсырыс берушінің суреті 2 данаға дейін) – 25 000;

Төлем құны 12% ҚҚС есепке алынып көрсетіліп отыр.

Үгіт материалдарын газетке орналастырудың саны мен болжамды күні кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін олар шартта тіркеледі.

Үгіт материалдары газет шығатын күннен кемінде 3 (үш) күн бұрын жіберілуі тиіс. Үгіт материалдарының орналасуы JPG, COREL, PDF пішімі, ал мақала, хабарландырулар WORD форматы талаптарына сай болуы тиіс. Егер материалдар "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Заңның талаптарына сәйкес келмесе, газет үгіт материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы. "Қостанай таңы" газетінде үгіт материалдарын орналастырғаны үшін жасалған шарт бойынша ақы төлеу шот ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлем төлеуге ұсынылған шот негізінде жүзеге асырылады.

Газет жазбаша өтініштерді демалыс және мереке күндерін қоспағанда Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90 мекенжайы бойынша сағат 09.00-ден 18.00-ге (Астана уақытымен) дейін қабылдайды. Үзіліс 12.30-дан 14.00-ге дейін. E-Mail: 549988@mail.ru

# Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2023 жылғы 9 қазанда "Қазпошта" АҚ Қостанай облыстық филиалында Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 69 (бас почта) мекенжайы бойынша операциялық залда **"Жазылушылар күні"** өтеді.

Жазылымды ресімдеген қонақтар үшін іс-шараны өткізу кезеңінде Қазпошта АҚ-нан, сондай-ақ біздің демеушіміз **SULPAK** компаниясынан қымбат сыйлықтар ойнатылады.

Іс-шара таңғы сағат 10.00-де басталады.

**Сіздерді қуана күтеміз!**
**Қазпошта" АҚ Қостанай облыстық филиалы**

**Өткен жолы газетте жазғанымыздай, бір топ қостанайлық делегация екі күн бойы Қызылжар өңіріндегі табысты шаруашылықтар мен инвестициялық жобалардың жұмысымен танысып қайтқан еді. Жалпы, терiскейде қыруар жұмыс атқарылғаны байқалады. Ең бастысы, ірі жобаларға қомақты инвестиция тартылған. Соның арқасында бірқатар жаңа өндіріс ошағы ел игілігіне айналып, халықты тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Бұл жолы біз облыс орталығындағы ірі өндіріс ошақтарымен таныстық. Бір парасы мынадай.**

Әлібек ЫБЫРАЙ



# Қадамы нық Қызылжар

## «Alageum Electric» зауыты

Өндіріс орны трансформаторлар шығарады. Жалпы, ел ішінде бұл компанияның он төрт зауыты бар. Петропавл қаласындағы мына зауыт 2021 жылы күзге салым ашылды. Өйткені, отандық өнімдердің ең көп тұтынушысы - Ресей федерациясы. Компания өкілдеріне тауарды басқа облыстардан жеткізу үшін біраз уақыт пен қаражат кетеді. Солтүстік Қазақстанда өндіріс ашылғалы бері шаруа біраз жеңілдеген.

– Бұл жердің логистикасы өте қолайлы. Контейнерлік база бар. Біздің зауытта шығарылған трансформаторлардың сапасына шетелдік мамандар жоғары бағасын беріп отыр. Жіңішке металлдардың ешқайсысында қылау жоқ. Бұл материалды өңдейтін қондырғылар заманауи. Яғни, кәсіпорында құрастырылған трансформаторлардан ешқашан ақау шықпайды. Жалпы, біздің «Alageum Electric» компаниясы ТМД елдерінің барлығына тауар сатады. Отандық өнімнің экспорты қазіргі күні 97 процентке тең. Өндірісте қолданылатын бөлшектердің басым бөлігі шетелдік болғандықтан, сапа жағынан басқа компаниялардан бірнеше саты жоғары тұр. Зауыт бәсекеге қабілетті, басқа мемлекеттерден сұраныс та жыл сайын артып келеді, – дейді «Alageum Electric» компаниясының өндірістік директоры Нұржан Абдуллаев.




– Қандай сым керек болса да, өзіміз жасап аламыз. Бұл біздің "фишка" деп айтуға болады. Тек, шикізат Ресейден жеткізіледі. Мына жерде сымның сыртын арнайы қаптамамен орап жатыр. Егер сәл қате кетсе, қондырғылар автоматты түрде жұмысын тоқтатады. Сондықтан, біздің өнімдерде көп "брак" болмайды. Қондырғының бәрі Еуропадан әкелінген. Біз қазір сымның 64 түрін шығарамыз. 150 түрі керек болса, оған да қауқарымыз жетеді. Басқа жақтан материал күтіп отырмаймыз. Бұл өнімді шығару мерзіміне үлкен әсер етеді. Қазір күніне 20 транформатор шығарамыз. Келесі айда мүмкін жиырма бесін жасармыз. Сөйтіп, өнімділікті арттыра бермекпіз.

Әзірге зауытта екі ауысымда жүзге жуық адам тұрақты еңбек етеді. Келесі жылы жұмыс ауқымы ұлғайса, қажетті мамандар саны да артпақ. Өндіріс ошағы шығаратын трансформаторлар электр қуатын барынша үнемдейді. Сұраныстың молдығына бұл да үлкен сеп дейді зауыт басшылығы. Трансформаторлар Ресейден бөлек, Әзербайжан, Армения, әрісі Ауғанстанға дейін жөнелтіледі. Басқа сырт мемлекеттерден де сұраныс жеткілікті. Өндіріс қуаттылығы жыл сайын артып келеді. Ал, толық қуатқа көшкен соң жыл сайын 12 мың дана өнім шығаруды көздеп отыр.

## "Радуга" компаниясы

Осыдан отыз жыл бұрын өндірістік-сауда компаниясы ретінде құрылған "Радуга" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – ел нарығында жетекші орын алады. Ірі өндір ошағының бірнеше филиалдық желісі бар. Инфрақұрылымы әлеуетті. Бір сөзбен айтқанда, көпбейінді фирмалардың бірі. Ол Солтүстік Қазақстан облысындағы халық тұтынатын тауарлардың бірегей өндірушісі және дистрибьюторы. Компания азық-түлік өнімдерінен бастап, пластмассадан және металдан жасалған бұйымдар, тұрмыстық химия, гигиена заттарын шығаруға маманданған. Өнім мен тауар ассортименті өте кең. Мұнда жарты мыңға жуық түрі өндіріледі. "Сапа менеджменті" жүйесі енгізілген. Өндіріс орны процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесімен, заманауи технологиялармен жабдықталған. Еліміздің барлық ірі қаласында зауыттың өкілдіктері ашылған.

Серіктестіктің жаңалыққа жаны құмар басшылығы қол жеткенге тоқмейілсімей, тағы бір озық жобаны жүзеге асыруға құлшына кірісіп кетті. Ол – қағаз өнімдерін шығаратын фабрика. Біз алдымен, Я.Гашек көшесі бойында орналасқан нысанның қазіргі жай-күйімен таныстық. Петропавл индустриалды аймағын кешенді зәулім құрылыстар алаңы деуге болады. Фанера фабрикасы мен көкөніс өсіретін жылыжай бір-бірімен қоңсы қонған. Енді осы жерде көп жыл бойы иесіз тұрған темір-бетон бұйымдар зауытына тіршілік қаны жүгіріпті. "Қарапайым заттар экономикасы" бағдарламасы шеңберінде бой көтерген тың жобаның құны – 1,7 млрд теңге. "Даму" кәсіпкерлікті қолдау қоры" АҚ-ның облыстық филиалы арқылы жеңілдетілген несие рәсімдеген. Бүгінде мұнда санитарлық-гигиеналық мақсатта пайдаланылатын қағаздар мен пакеттер, "А4" үлгісіндегі кеңсе қағазы өндірісі жолға қойылыпты.

– Бұл біздің облыста Құмар Ақсақалов әкім болғанда жүзеге асқан ауқымды жобаның бірі. Ол 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар шеңберінде өнеркәсіп саласында ашылған он жаңа кәсіпорынның бірі – экологиялық өндіріске басымдық беретінін айтқан еді. Міне, бұрынғы басшының сөзі іс жүзіне айналғанын көріп тұрсыздар. Алдын ала заман үрдісіне орай қайта өңделген қағаз бен картондық макулатураны шикізат ретінде қолданудың озық тәжірибесі әбден зерттеліп, тиімді тұстарын бағамдадық. Мемлекеттік бағдарлама аясында қатталған картон, дәретхана қағазы мен қағаз қапшыққа қажетті макулатура жинайтын орындарымыз бар, – дейді "Радуга" ЖШС-ның техникалық мәселелер жөніндегі директоры Андрей Титов. – Болашақ өндіріс орны тәулігіне 15 тоннаға дейін дайын өнім шығармақ. Жылдық қуаттылығы – 5 мың тонна. "Зауыт іске қосылғалы дәрет-








хана қағазы, майлық пен түрлі салфеткалар, сондай-ақ "А-4" форматындағы кеңсе қағаздарын шығарып жатырмыз. Сұраныс жоғары.

Елімізде қарқынды дами қоймаған саланы таңдап алудың сыры не дегенге келер болсақ, ағаш тапшылығынан еліміздегі қағаз-целлюлоза өнеркәсібі шикізат проблемасына кезігіп жатқандығымен түсіндіреді сала мамандары. 2025 жылдан бастап Қазақстан полиэтилен пакеттерін сатудан толық бас тартпақ. Ал төрт жылдан бері елімізде қоқыс қалдықтарын, оның ішінде макулатураны полигондарда сақтауға тыйым салынды. Полиэтилен пакеттерін экологиялық таза қағаз пакеттерге ауыстыру мәселесі әлемдік деңгейде өте өткір тұр. Бұл қадамдар қағаз өнеркәсібінің дамуына үлкен серпін берері сөзсіз. Макулатураны шетелге сатуға да шектеу қойылады. Өйткені, шикізат жергілікті, алдымен, қағаз қалдықтарын өңдейтін кәсіпорындарға қажет. Бұл – бірден-бір дұрыс шешім.

Компания өкілдерінің айтуынша, зауытта 500-ден астам ассортимент шығарылады, яғни, тамақ, тұрмыстық химия, жеке гигиена заттары, пластмасса және металдан жасалған бұйымдар.

Өндірісте өндірістік процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі бар заманауи жабдықтар бар. Бұл адами факторды процестен толығымен алып тастауға, өндірілген өнімнің сапасын арттыруға және өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді, – деді өндіріс жөніндегі орынбасары Евгений Ли. – Біз отандық өндірістің 65% шикізатын пайдаланамыз. Біздің өнімдер еліміздің бар қаласында сатылады. Жеткізу географиясын кеңейту бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Қазіргі уақытта Өзбекстан, Ресей, Қытайдан келген дистрибьюторлармен шарттар жасалды.

## Оқушылар сарайы

Бұл рухани ошақ 2018 жылы ашылды. Аумағы 15 мың шаршы метр жерді алып жатқан еңселі нысанда 87 үйірме жұмыс істейді. Мұнда IT-технология, балаларға қосымша білім беру, олардың қызығушылығын ескере отырып тәрбиелеу үшін Назарбаев зияткерлік мектебі мен университет оқытушылары еңбек етеді. Қазірдің өзінде робототехника, гидропоника және мехотроникаға қатысты секцияларға келушілердің қатары молайған. Әсіресе, жаңа технологияларды үйренемін деушілер көп.

– Құмар Іргебайұлы, біздің облыста әкім боп тұрғанда балалар үшін ең керекті осы заманауи сарайды салып берді. Бұл жас жеткіншектерге, білімқұмар жасөспірімдерге жасалған керемет жағдай. Балалар сабақтан тыс уақытындағы біздегі үйірмелерге келеді. Үйірмелер тоғыз бағытта жұмыс істейді. Олардың ең негізгісі – IT-орталық. Мұның еш жерде баламасы жоқ. Интерактивті үстелдер, интерактивті ресепшн, панельдер келушілерге әрдайым қызмет көрсетуге дайын. Бізге келген қонақтар, ата-аналар үстелдерді ашып, өздеріне қажетті мәліметті тауып, оқи алады, – дейді оқушылар сарайының директоры Дина Әбілмәжінова.

## М.Қозыбаев университеті

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті негізінде АҚШ-тың Аризона университетінің қос диплом бойынша жаңа оқу бағдарламасы іске қосылған. Қос дипломдық оқу бағдарламасын енгізу жергілікті жоғары оқу орнының жалпы дамуына зор үлес қосатыны сөзсіз дейді жергілікті мамандар. Оқу орны қазірдің өзінде еліміздің түкпір-түкпірінен келген 170 студентті қабылдады. Олар еліміздің түкпір-түкпірінен барған. Болашақта мемлекеттік грант санын 500-ге дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл өңір экономикасын дамыту үшін қажет кадрлық резерв болмақ.

Қос дипломдық оқыту үш тілде – ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асады. Жастар IT, инженерия, агротехнология білім бағыттары бойынша мамандық алып, Қозыбаев университеті мен Аризона университетінің дипломдарына ие болады.

Мамандардың айтуынша, Аризона университеті соңғы бес жыл бойы әлемнің үздік университеттерінің қатарында келеді. Ол жерде 4700 ұстаз сабақ береді. Оның бесеуі – Нобель сыйлығының лауреаты, жетеуі – Пулитцеров сыйлығының иегері. Сондықтан, қазақ жастары ең үздік деген ұстаздармен байланыста болып, білім алмақ.

– Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысының әлеуеті жылдан-жылға артып келеді. Кейінгі жылдары көптеген шетелдік инвестор қомақты қаржы құйды. Олардың арасында Қытай, Германия, Түркия тәрізді алпауыт мемлекеттер бар. Соңғы екі жылдың бедерінде Ресей компаниялары қызығушылық танытып отыр. Өнеркәсіптік кооперация шеңберінде "Қызылжар" арнайы экономикалық аймағы белсенді жұмыс істеп тұр. Петропавл қаласының аумағында екі жоба қолға алынды. Оны бүгін өздеріңіз аралап көрдіңіздер. Өткен үш жылда облыста инвестиция тарту ісі үш-төрт есеге өсті. Бұл көп нәрсені аңғартса керек, – дейді Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық басқармасының басшысы Дархан Амрин.







**Суреттерді түсірген Б.МЕЙРАМҰЛЫ**
Қостанай-Петропавл-Қостанай





# Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өнеге



**«Жуырда Каменск-Уральск кеңшарының Ақсирақ бөлімшесінде болдым. Маған ол жердің кең даласы, ақ қайыңдары мен қарағай орманы ұнады. Әсіресе, еңбеккерлері жақсы, өте ұйымшыл». Бұл мәскеулік студент Л.Хапельдің қазіргі Меңдіқара ауданы Каменск-Уральск ауылы жайлы жазған мақаласынан үзінді.**

Жазбада қазақтың батыр қыздары Кәмшат Дөненбаева, Құндызай Ыбыраева туып-өскен ауданнан ертеректе техниканың тілін тапқан, ардагер, Алматыдағы XIII съезд делегаты Уәсила Ермұқанқызы жайлы баяндалған. Ол газет қиындысы мен 1971 жылғы съезден түскен көне суретті жақында қызы Зүмірет редакцияға әкелген болатын.

«Атамыз Ермұқан Бейсенбайұлы өте еңбекқор жан болған екен. Ел басқарған, зұлмат замандарда халық қасіретін бірге көріп, соғысқа аттанады. 1943 жылы қатты жараланып, содан қаза тапқан. Шешеміз 1944 жылы еңбек жолын бастапты. Ол кезде небары он алтыдағы қаршадай ғана қыз екен. Содан тракторге отырып, ел қатарлы еңбек етеді. Атамыздың тегін өшірмеу жолында қиындықтармен күресті. Бөлімшедегі партия ұяшығын басқарды. 1965 жылы Коммунистік партияның мүшесі болған анамыз Алматыдағы съездге елдегі екі адамның бірі болып аттанды. Кейін алпыс үш жасында көз жұмған анамыздың жаназасына съезге бірге барған серігі келіп, ол жақта ел абыройына бөленгенін айтып еске алғаны бар», – дейді Зүмірет Ермұқан.

Ол кезде Кәмшат Дөненбаеваның жас шағы. Еңбек озатының қант диабетімен сырқаттанып, дерті меңдегенін естиді. Көңілін сұрай барып, үлгі-өнегемен ризашылығын, батасын алған екен. Кейін Кәмшат Дөненбаева еңбегімен ауыл-аудан, облыс атын елге танытты. Еңбектегі ізбасарының осы ерлігін Уәсила ана ұрпағына, ағайын-туғандарына мақтанышпен айтып өтті.

**Айбек ҒАЛЫМҰЛЫ**



# «Ұстаз – ұлағат иесі»

Жақында облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейінде қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл толуына орай осындай атаумен көрме ашылды. Ұлы ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің зейінді шәкірттерінің бірі болған және ұстазының ағартушылық жұмысын жалғастырған Спандияр Көбеевтің жеке заттары мен құжаттары қойылған көрменің тұсаукесер құрметі ұстаздың шөбересі Саят Көбеев пен ыбырайтанушы, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, Спандияр Көбеевтің еңбегін зеттеуші Биалаш Сүйінкинаға берілді.

Спандияр Көбеев 1878 жылы 1 қазанда қазіргі Қостанай облысы Меңдіқара ауданында туған. Ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің көмегімен алғаш мектепке қабылданды. Алтынсариннің бала Спандиярға "Оқы, балам! Жақсы оқы!" деп айтқан сөзі жас оқушының болашағына жол сілтеп, оны өмір бойы өзгерлерге білім нәрін беріп жүру қызметіне бағыттады. Ұстазы Ы.Алтынсариннің қызмет жолын жалғастыруды арман еткен С.Көбеев Қостанайдағы екі жылдық курсқа түсіп, бастауыш класс мұғалімі болып шығады. Ол балаларды Ыбырай әдісімен оқытады, ғылым негіздерін үйретеді. Оның қаламынан "Үлгілі тәржіме", "Үлгілі бала", "Қалың мал" және "Орындалған арман" атты ағартушылық және әдеби шығармалар дүниеге келді. "Қалың мал" шығармасы қазақтың алғашқы романдарының бірі және автордың өзі де әдебиеттің осы жанрындағы алғашқылардың бірі болды.

Көрменің ашылуынан кейін С.Көбеевтің шығармашылығы мен педагогикалық шеберлігін ашатын танымдық кеш жалғасын тапты. Кеш барысында мектеп оқушылары мен студенттер ұстаздың өлеңдерін оқып, әңгімелер желісінен сахналық көрініс қойды. Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның дәстүрлі әншісі өнерін көрсетті.

Кеште Ы.Алтынсарин медалінің иегері Биалаш Сүйінкина, Қостанай өңірлік университетінде С.Көбеев аудиториясын ашу ісін ұйымдастырып, іске асырған педагогика ғылымдарының кандидаты Назгүл Айдыналиева, облыстық мәдениет басқармасының бөлім басшысы Кенжеғали Бимағанбетов сөз сөйледі. А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің ұстаздары мен студенттері қатысты. Ыбырай Алтынсарин өсиет еткен ғылымның ұзақ сүрелі жолын таңдаған қазақ жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі С.Көбеевтің өзі тұтынған құнды жәдігерлердің қыр-сырына қанығып, шығармашылығы жайындағы мазмұнды мағлұматтармен танысты.

**Ақерке АХАНОВА,
Ы.Алтынсарин мемориалдық музейінің аға ғылыми қызметкері**





# Алдымен ашықтық керек

**Облыста көрсетілетін мемлекеттік қызметтің 99 пайызы электронды форматқа ауысқан. Биылдың өзінде қызмет алушыға 10 миллионнан астам қызмет көрсетіліп отыр.**



Сералы МЫРЗАБАЙ

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін жәрмеңкеде әр мекеменің мамандары түрлі сұрақпен келген адамдарға көмек көрсетті. Тұрғындардың көбі жер кезегіне тұру мен алу және тұрғын үй кезегіне тұру сынды мәселемен жүгінді.

– Жер учаскесін сатып алғым келеді. Мамандар сауалыма тиісті жауап берді. Қандай құжаттар қажет екенін біліп алдым. "Нәтиже" фронт-кеңсесі өте тиімді. Кез келген мемлекеттік қызметті осында келіп алуға болады. Бәрі бір жерге шоғырланған. Яғни, жер, үй, ХҚО мәселесімен келген адамдарға бір ғимарат ішінен ақпарат алуларына жағдай жасап қойған, – дейді қала тұрғыны Василя Белоглазова.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстық департаментінің басшысы Ерлан Салықбаев "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жәрмеңкесін" өткізу дәстүрге айналғанын әрі ол барлық жағынан тиімділігін көрсеткенін айтады. Бірнеше сала бойынша сауал туындаса, әр мекенжайға барудың қажеті жоқ. Өйткені, "Нәтиже" фронт-кеңсесінде басқарма өкілдері отырады. Сондай-ақ, Департамент мемлекеттік қызмет түрін алушылардың да құқығын қорғаумен айналысады.

– "Нәтиже" фронт-кеңсесінде мемлекеттік қызмет көрсету ашық түрде жүргізіледі. Яғни, мемлекеттік қызмет алушы жеке мәселесімен басқарма өкілдеріне жолығып, тиісті жауап алуға құқылы. Бүгінгі таңда мемлекеттік көрсетілген қызмет санының айтарлықтай артқанын байқауға болады. Көрсетілген қызметтің түгелдей дерлігі электронды форматқа көшіріліп жатыр. Қызмет алушының құқығы қатаң қорғалады. Мемлекеттік қызмет алу барысында адамдардан түскен шағым бойынша тиісті жұмыстарды атқарамыз. Тұрғындардың көбі көрсетілген мемлекеттік қызмет сапасының төмен екенін айтып, арызданады. Оның ішінде жер учаскесін алуда келеңсіздіктер көп болады. Біз тиісті мемлекеттік қызметшінің ісін Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерімен қарап, шара қолданамыз. Тұрғын өз құқығының бұзылғанын білсе департаментке шағым түсіре алады. Ол үшін бізде сенім телефоны жұмыс істейді. Сондай-ақ, "Нәтиже" фронт-кеңсесінде департамент өкілі отырады, көрсетілген қызметке көңілі толмаған адам өкілге жолығып, құқығын қорғауға және толық түрде мәлімет алуға қақы бар, – дейді Департамент басшысы.

Биыл президенттік жастар кадрлық резервіне үшінші іріктеу жүріп жатыр. Сұлтан Бекмағамбетов қала әкімдігінде ұйымдастыру бөлімінің бас маманы болып жұмыс істейді. Ол іріктеуге қатысып көруді жоспарлаған. Алайда, шарт









бойынша мемлекеттік қызмет саласында еңбек өтілі бес жылдан кем болмауы керек, ал Сұлтанға әлі төрт жыл күту қажет. Бірақ жас мемлекеттік қызметші алдағы төрт жылды босқа жібермей, өзімді дамытумен айналысамын дейді.

– Президенттік жастар кадрлық резерві жайлы толық мәлімет алдым. Іріктеуден өтіп, өзімді жаңа қырынан танытқым келеді. Алайда, еңбек өтілім сай келмейді екен. Алдағы төрт жылда біліктілігімді арттырып, тапсыруға бел буып отырмын. Яғни, басқарушылық қабілетімді жетілдіріп, өзімді сол жағынан сынап көргім келеді. Менің пайымдауымша, мемлекеттік қызметші болатын адамның бойынан адалдық, еңбексүйгіштік қасиеттер табылуы қажет. Ашықтық алдыңғы қатарда болуы шарт. Қоғамнан оқшау болмай, керісінше етене жақын араласып, адамдармен үздіксіз байланыс орнатуға міндетті деп санаймын, – дейді Сұлтан Бекмағамбетов.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев та мемлекеттік қызметке келген адам ең алдымен халықтың алдында жауапкершілікті сезінуі керек екенін айтқан еді.

"Мемлекеттік аппарат бизнеспен, үкіметтік емес ұйымдармен және азаматтармен тығыз жұмыс істеуге баса назар аударуға тиіс. Сол арқылы ел мүддесіне сай тиімді шешімдер қабылданып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасы жақсара түседі", – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек екенін міндеттеп отыр.

"Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқының алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз", – деген еді Мемлекет басшысы.

Мемлекеттік қызметтің жаңа мәдениеті қалыптасып "ең алдымен адамдар" қағидаты алға шықты. Мемлекеттік қызмет біріншіден ашықтықты талап етеді. Яғни, мемлекеттік қызметші алдына мәселемен келген адамның талап-тілегіне тиісті жауап беруге тиіс. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы:

"Мемлекеттік аппаратты жаңғыртып, бюрократиядан барынша арылту үшін жүйелі жұмыс жалғасады. Біз қоғамның барлық өкілдерінің талап-тілектеріне жауап беретін озық мемлекет құруымыз керек. Басқару жүйесінің тиімділігі жұмыстың барысымен емес, түпкі нәтижемен өлшенетін болады", – деген еді.

**Суреттерді түсірген
Бағдат
АХМЕТБЕКОВ**

# «БАСТЫ НИЕТІМ – жастарға пайдалы болу»

Бейбіт НҰРМҰХАНОВ



Нұрлан Байжігітұлы – жастардың қошеметіне бөленген, Tik-tok әлеуметтік желісі арқылы танымал болған имам. Таяуда блогер имам Қостанай қаласына келген. Реті келіп, дін маманын әңгімеге тартқан едік.

**– Нұрлан мырза, бұрындары Қостанай қаласында имам болып қызмет істедіңіз. Араға жылдар салып, қайта көрісіп отырсыз деуге болады. Қаланың жалпы көрінісі қалай, діни орындармен таныстыңыз ба?**

– Өте жақсы. Қостанай өңірінде дін саласында жұмыс істегеніме көп жыл өтті. Ол кез сексенінші жылдардың аяғы болса керек. Мен қалада емес, көбінесе ауылдық жерде болдым. Ағамыз Әулиекөлде дін таратушы болып қызмет істеді. Қасында көмекші ретінде жүрдім. Одан бері 20-30 жылға таяу уақыт өтті десек болады. Қазір шаһар тұрғындарының руханияты өте жақсы дамығанына көзім жетіп отыр. Қаланың дамуының арқасында мемлекетіміз де алға жылжып келеді. Осы тұрған тұғырымыз шайқалмай мәңгі тұруын Алла нәсіп етсін!

**– Tik-tok-қа қалай келдіңіз, қиындық соқпады ма? Дегенмен, әлеуметтік желіні жастар көбірек қолданады ғой...**

– Жастардың бәрі tik-tok-та отырғандықтан оларға бір пайдалы болсын деп келдім. Басында қалай болады, сөзімді тыңдайды ма, деген ой болғаны анық. Байқап қарасам, жастар сөзімді тыңдады. Менімен кері байланыс орнатып, көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды. Шыққан әрбір тікелей эфир өздеріне керектілерін алып жатыр деген ойдамын. Үлкен адам болғасын басында қиындық соққаны рас. Алайда, балам кішкене себепші болып үйретті. Контент, рек деген не екенін, технологиялық құрылымын толық меңгердім. Нәтижесінде tik-tok-тың системасы қалай, алгоритмінің жұмыс істеуіне қаныктым. Басты ниетім – жастарға пайдалы болу, олардың дұрыс бағыттағы дінді ұстануына жағдай жасау ғой. Өздеріңіз де білесіздер, ғаламтор арқылы түрлі дінді жарнамалап, балғындарды жолдан тайдырушылар көбейіп кетті.

**– Әлеуметтік желі арқылы дін тарату несімен тиімді? Артықшылықтары қандай?**

– Ең артықшылығы – бүгінгі таңның мінбері осы. Мешіттің ішінде отырсаң ешкім келмейді. Келмеу себебі түсінікті. Көп адамның уақыты жете бермейді. Сондықтан әлеуметтік желінің тиімділгі зор. Мысалы ораза кезінде бір ғана тікелей эфирімді 20 мыңнан аса адам қарады. Енді ойлап қараңыз сіз бір сәтте 20 мың адамды бір жерге отырғыза аласыз ба? Әлбетте, мүмкін емес. Қазіргі заманда әлеуметтік желінің әлеуеті өте үлкен, соның біз пайдалы тұсын ала білуіміз керек. Жастарымызды теріс бағыттағы діндерден сақтап, ата-бабамыз ұстанған тура жолға үндеу аса маңызды.

**– Қостанай жастарымен кездесуден не байқадыңыз, діни сауаты қандай екен?**

– Жастардың дін туралы ойы өте жақсы. Бір қуантарлығы жастарымыз қазір сауатты, білімі жоғары. Алайда, сауатты буынды теріс ағымдағылар пайдаланып кетпеу керек. Осындай келелі кездесулер арқылы оларға бағыт-бағдар беріп, дұрыс түсінік ұялатуымыз шарт. Сонда ғана мемлекетіміз қай жағынан қарағанда да дамыған болады. Жалпы қостанайлық жастардың қойған сауалдарынан өте бір салиқалық пен шыдамды сұрақтарды байқадым. Сол салиқалы сауалдарына қарай, әсіресе Қостанай өңірінің жастары өте сауатты, білімді деген ой қалыптастырдым.

**– Қазір ағайындылардың балаларын, бір-біріне үйлене беруге болады деген секілді діни ақпарат айтылып жүр. Ал біздің салт-дәстүрге салып қарасақ қарама-қайшы. Осыған байланысты не айтар едіңіз?**

– Нақты Құран Кәрімде Алла Тағала әйел мен ер адамдар махрам және намахрам деп бөлген. Неке құруға рұқсат етілмеген, яғни туыстық байланыстағы адамдар – махрамдар, ал неке құруға рұқсат етілгендер — намахрамдар деп аталады. Бірақ бұдан басқа Пайғамбарымыз хадистерінде де ағайын, туыс-туғандарының үйленуі дұрыс емес ретінде қарастырылған. Сондықтан да мұндайдан біз қашуымыз керек. Сонымен қатар біздің ата-бабаларымыз қанның, жанның, өмірдің тазалығы деп бөліп, оны бәрінен жоғары қойған. Келешек ұрпақ даруына медициналық тұрғыдан да туыстық жақын адамдардың үйленуіне тыйым салынған. Бұл дұрыс емес. Сол себепті анағұрлым алыстан алған абзал. Қазақтың ұлы тұлғалары жеті атадан асып үйленген. Егер қатты болмаған жағдайда лажы келмесе басқа ел мен ел, жер мен жер құда болуы қажет. Яғни ағайын жақын адамдардың үйленуі шариғат тұрғысынан да, адамзат тұрғысынан да дұрыс нәрсе емес.

**– Әлеуметтік желіде мынандай хабар тарап жүр: «апалы-сіңілілер ахретте бірін-бірі кездестірмейді» деген. Бұл қаншалықты рас?**

– Жалпы осы сөз көп тарап кетті. Ана дүниеге барғанда бір-бірін көрмейді, таппай қалады деген секілді. Шынын айтсақ, сондай бір қиын күн болады (қиямет күні). Ол күні өзіні көргің келмей қалады. Өйткені абыройың ашылып, көптеген күнә бетіңе шығып, амал дәптеріңді қолыңа берген кезде оңайға соқпайды. Жасырын, жария істеген барлық күнәнің әшкере болуы оңай емес. Сол сәтте мұны ешкім көрмесе екен деп ойлағанда адамдарды танымай қаласың. Адам әкесін, бауырын, бір туған апайын, қарындасын төрт жерде танымайды. Біріншісі, амал дәптерлер көрінгенде, екінші мизам таразыда, үшінші қыл көпірдің үстінен өткенде, төртінші жұмақ яки тозақтың жолына түскенде. Сондықтан ол жағын уайымдамаған дұрыс. Барлығын да көреміз.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Суреттерді түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ**



Кәсіподақ ардагері, Қостанай облысы іскер әйелдер қауымдастығының мүшесі Балбөпе Ертаеваны білмейтін жан кемде кем. Мектепте мұғалімдіктен қызметтің талай баспалдағынан өтіп, өңіріміздің кәсіподақ саласында айрықша үлесін қосқан жан. Бүгін де ұрпағының қызығын көріп отырған ардақты ана қоғамдық жұмыстардан қол үзген жоқ.

# БАҚЫТЫН ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН



Шұға ҚОҢҚАБАЙ

## Әке – балаға сыншы

Балбөпе Ғалымжанқызы табиғаты сұлу әулиелі мекен – Әулиекөл ауданының Қояндыағаш ауылында дүниеге келген. 1964 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы Семиозер орта мектебін бітіргеннен кейін ол Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, биология пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады.

Институттан кейін Қостанай қаласындағы №5 мектепте биология пәнінің мұғалімі болып бір жылдай жұмыс істеді.

«Өмірде қандай дәрежеге қолым жетсе, бір игілікті іс істесем, қоғамнан өз орнымды тауып, дұрыс жүрсем, ең алдымен ата-анамның еңбегі. Әке – балаға сыншы. Біз бес ағайындымыз. Әр салада еңбек етіп, дәрежелі табыстарға ие болдық. Соның бәрі әкеміздің көрегендігінен, ерекше қамқорлығынан деп түсінемін. Егер мен халық сыйлағандай азаматша, ерім сүйгендей жар, балаларым құрметтейтіндей ана бола алсам, соның бәрі ардақты әке-шешеміздің тәрбиесі, өмірлерінің бізге қалдырған нәрі, біздің олардан алып қалған ең үлкен байлығымыз», – дейді Балбөпе Ғалымжанқызы ағынан жарылып.

Кейін Қостанай қаласының жұмысқа орналастыру бюросының маманы, бас маманы, одан соң басшысы қызметіне дейін өсті. Жан жарының басқа қызметке ауысуына байланысты, Торғай облысына қоныс аударады. Торғай облысы атқару комитетінің халықты жұмысқа орналастыру бөлім басшысының орынбасарына дейін көтерілді.

## Жемісті жылдар

Кәсіподақ – ерекше қоғамдық ұйым. Кәсіподақ мүшелері – еңбек адамдары. Еңбекші қауымның мұң-мұқтажын, тұрмыс-жағдайын, заңды құқығын түсіне білетін, әділеттікті қалайтын қызмет. 1981-2015 жылдар – Балбөпе Ертаеваның Қостанай облысы кәсіподақ ұйымында еңбек еткен кезеңі. Қырық жылға жуық уақытта осы саланың барлық сатысынан өтіп, үлкен бір мектеп қалыптастырды десек болады.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауында еліміздің экономикасын көтеру, өнеркәсіпті жандандыру керек екенін атап өтті. Экономиканы көтеретін кім? Әрине, еңбекші халық. Оларға әділетті еңбекақы төленсе, әділетті жұмыс орны болса, әділетті еңбегі, заңды құқығы қорғалса, сонда ғана ел экономикасын жоғарғы деңгейге көтере аламыз. Кәсіподақ ұйымдары әділеттікті қолдайтын қоғамдық ұйым. Кезінде кәсіподақ ұйымдары үлкен-кішілі кәсіпорындарда, ауыл шаруашылығы кешендерінде, бюджеттік мекемелерде түгелдей жұмыс істейтін. Төрт жүз мыңнан артық кәсіподақ мүшелері болды. Өздеріңіз білетіндей, уақыт бір орында тұрмайды. Елімізде өзгеріс басталды. Қоғамдық ұйымдарға басқаша көзқарасты да көрдік. Біздің мақсатымыз – еңбекші қауымның аз да болса жағдайын, әл-ауқатын қорғап қалу болды. Мен басқарған уақытта көптеген іс-шаралардың басы-қасында болдым. Елмен, халықпен бірге қиыншылықты жеңіп, тәуелсіздіктің көшіне кірдік», – дейді ол.

1991 жылы қазан айында Қостанай облысы кәсіподақтар кеңесінің төрағасының орынбасары болып сайланған кәсіби маман әлі де көп нәрсені үйренуді, білімін одан әрі жетілдіру үшін жанындағы тәжірибелі аға-апа әріптестерінен сабақ алуды үзген емес.

1999 жылдың маусым айында Қостанай облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрайымы болып әрі әріптестері және Әулиекөл тұрғындарының қолдауымен облыстық мәслихаттың ІІІ шақырылымына депутат болып сайланды. Іскер әйелдер қауымдастығына мүше болды. Облыс әкімі жанындағы әйелдер істер және демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының «Нұр Отан» (қазіргі «Аманат») партиясының мүшесі ретінде, кәсіподақтың, жұмысшылардың, соның ішінде жұмыскер әйелдердің құқығын қорғауға ат салысқанын айта кету керек.

«Бұны мақтаныш ретінде айтып отырған жоқпын. Отыз төрт жыл кәсіподақ саласында еткен еңбегімнің жемісі. 2014 жылы «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медальмен, «Еңбек ардагері», «Кәсіподақ ардагері» деген марапаттарға ие болдым. Мені сыйлаған еліме, кәсіподақ мүшелеріне, қателігімді кешіріп, жақсы жағымды, дәрежемді көтерген әріптестеріме алғысым зор! Қазақ қыздарына тән қасиет – ол намысқойлық! Намысқа тырысып, қолымнан келгенше, билік пен жұмыс берушілермен келісе отырып еңбекші қауымның өзекті мәселерін шешуге қатысып, осы қызметте аянбай еңбек еттім», – дейді Балбөпе Ғалымжанқызы.

## Ана қашанда – АНА...

Кейіпкеріміз зейнетке шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстардан қол үзбеді. Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығы облыстағы филиалдың, «Мұқарама ана» қоғамдық қорының атқарушы директоры болды. Әлеуметтік жобаларды қолға алды. Қазір Қостанай қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі, қалалық ардагерлер кеңесінде де өмірлік тәжірибесімен бөлісуде.

Бұған қоса, «Еңбек – қоғамның негізі» жобасын іскер әйелдер қауымдастығымен бірлесіп жүзеге асырып келеді. Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, қыздар тәрбиесін насихаттайтын «Дәстүрлі ел – мәңгілік ел», «Қызым, саған айтам...» жобалары бар. Әттең... Өкінішке қарай, өз тілімізде жобалардың мағынасын түсінетін сарапшылар болмады. Көңілін қалайша су сепкендей басылмасын. Бірақ оған мойыған кейіпкеріміз жоқ.

«Әйел – күрделі болмыс иесі. Ол бар бақытын отбасынан, азаматы мен балаларынан іздейді. Сондықтан болар, ата-бабамыздан келе жатқан ұлы ұғымда әйел мен отбасы ажырамас бірлікте болып келді және солай сақталуы тиіс. Үйде жылылық болса, түзде тыныштық орнайтыны баршамызға белгілі. Өмірге әйел болып келген соң отбасын құрып, аяулы ана атану – міндет. Жұбайым Алманияз Сапарғалиұлымен 45 жыл бірге өмір сүрдік. Қызымыз тұрмысқа шықты. Бүгінде ұрпағым үшін Аллаға шүкірлік айтып отырған анамын. Өйткені, адал жар, аяулы ана, ақжаулықты әже атанып отырмын. Немерелерім – Фархат – студент, Әлішер 7-сынып оқушысы, – дейді ол, тебірене сөйлеп.

## Блиц-сауал:

**– Ықпалы тиген ұстаздарыңыз кім?**

-Алғашқы ұстазым – Ғайнеш Әлмағамбетова. Кәсіподаққа келгендегі ұстаздарым – Қазақстан кәсіподақтар Федерациясының төрағасы болған Сиязбек Мұқашев, Қостанай облысында кәсіподақ кеңесінің басшысы болған Дмитрий Брусникті ұстаз тұтамын.

**- Сізді қатты таңырқатқан жәйт?**

-Қостанай қаласының кейінгі кездегі таңқаралықтай өзгеруі.

**– Көкейдегі әке-шеше бейнесі?**

– Әкем Ғалымжанның мейірімділікке толы жылы жүрегі, анам Қадишаның балажандығы мәңгілік есте.







Суреттерді түсірген
Бағдат АХМЕТБЕКОВ

# Ахмет ауылындағы толғаныс

Ассалаумағалейкүм, қасиетті топырақ,
Тоқсанымда бастым міне, сөті түсіп жөн сұрап.
Байтұрсынов Ахметтей алып берген жұртына,
Басымды ием, бір өзіңе сай-сүйегім сырқырап.

Жаным пида әрбір түйір құмыңа,
Жасыл желек, мөлдір кәусар суыңа.
Қилы тұста қайсар ұлын сыйлаған,
Қалқан етіп қалың қазақ мұңына.

Жалғыз өзі түмен қолға татыған,
Ел жұртына білім таңын атырған.
Жауызың кім, жанашыр кім екенін,
Жыртып айтқан бет пердесін жасырған.

Ұлылықтың мәздатты отын біздегі,
Еңкейген жұрт белін жазды, тіктеді.
Қараңғыдан жарық таңға апарар,
Адастырмас даңғыл осы біл, деді.

Мына талас әларада тұман да,
Кейбіреулер дүбәра боп тұрғанда.
Нысаналы Ахметтер керек-ақ,
Көлгірсімей тура бастар арманға.

Ұлы дала сирек қалған жұртыма,
Қолыңды соз береке бер халқыма.
Рухын оят, көкірегін кер дағы,
Оралта көр өршіл қайтпас қалпына.

О киелі Аққөлім, жерім ана,
Бір өзіңсің сәуле құйған санама.
Сараңсыған құрсағыңды құмартып,
Өрбіт ұрпақ шырпы болар далама.

Осылай деп тебіренген мұңымды,
Естір құлақ, ескерер деп мұңымды.
«Жүзден жүйрек, мыңнан тұлпар» дегенді,
Айтып кеткен көрегендер бұрынғы.

Сенімім мол, үмітім зор ертеңге,
Жерұйығым өзге саған жер тең бе?
Келеді ұрпақ бабалардан әрі асқан,
Көк құрақтай қаулап өскен ертеңге.

Байтақ дала жаңғырады сол тұста,
Алдау, арбау ақтарылар қоқысқа.
Дәл бүгіннен бастау алсын ізгілік,
Арды таза, сеніміңді нық ұста.

# Менің қалам

Тірлік, мақсат үйлесімді жарасқан,
Рудныйым, көк аспанмен таласқан.
Көркем бейне, тату өмір көз тартып,
Өзіңменен бүкіл елім санасқан.

Алғашқыда саңырауқұлақ өскендей,
Қаптап едің өзгелерге дес бермей,
Күннен күнге бидай өң боп барасың,
Қиындық пен тосқауылды ескермей.

Міне содан ыстық болып барасың,
Көңіл кірін, еңсергендей жарасын,
Игересің, үйренесің, қайсарым,
Түптің түбі тізгінді де аласың.

Абай өзі тұрғой міне, қарсы алып,
«Оян қазақ,түгендел», – деп, жар салып.
Игершен, намысыңды алаулат,
Азаттықтықтың туын тікте, жан салып.

Шарықтай бер кеншілердің қаласы,
Құрыш білек әр атаның баласы.
Берекеміз мерекеге ұлассын,
Асып-тасып өндірістің саласы.

**Ғабдолла Ахметжанов,**
**Рудный қаласы**

# Тобылдың толқындары-ай

Сөзі мен әні автордікі

Ынтығып барғанымда етегіне,
Көргеннен лүпілдеді жүрегім де.
Тобылдың толқындары,
Сағыныш сақталынған көңілімде!
Толқысаң бұрқанғандай,
Шашылар су гәуһардай.
Жүзіңде нұр ойнардай, 2 рет
Тобылдың толқыдары-ай,
Тобылдың толқыдары-ай!

Жүзінде нұр ойнаса сұлу күндей,
Сұлуды көрмегенмін тап өзіңдей.
"Су – тәңір" боларыңа анық сендім,
Сезініп құдыретіңе екіленбей!
Қайырмасы.
Болмайды толқындарда сулар ақпай,
Сулар ақса толқындар толқыр парлай.
Ағының арта берсін "су тәңірім",
Толқынды толқындатып мәңгі тынбай!
Қайырмасы.

**Үсебай Жұмабеков**
**Рудный қаласы**

# Мамандық таңдау

(сықақ)

Кеше:
Әкелеріміз институтқа түс дейтін,
Қаражат қамын істейтін.
Алатын мамандықты өздері таңдайтын,
Санаға салмақ салмайтын.
«Агроном, зоотехник боласың» – дейтін,
Алтын астық пен төрт түлікке «қожасың» – дейтін.

«Ең қажетті мамандықтар керек бір,
Боласың ертең бір совхозға деректір», – дейтін.
Сосын бесжылдықтарын жоспарлап қоятын,
Түпкі ойларын тұспалдап қоятын.

Бүгін:
Жастар әріден барлайды,
Қиын жұмыстарға бармайды.
Бес жасынан әкесі «Айфон», планшет әпереді,
Бүкіл әлемді алдына әкеледі.
Сосын бала үйден шықпайды,
Интернеттен басқа ештеңе ұқпайды.
Табиғатпен табысып, еңбек ету,
Миына кіріп шықпайды,
Ата-анасының ақылы ағып кетеді,
Ватсапта көргендері көңіліне жағып кетеді.

Сүйтіп жүргенде мектеп те аяқталады,
Мамандық таңдау кезі де таяп қалады.
«Қандай маман боласың?» – десең,
Компьютерді жақсы ұғам дейді,
«Программист, не блогер болып шығамын» – дейді.
«Жоспарды күні бұрын сызам», – дейді,
«Кез келген системаңды бұзам», – дейді.
Ешкімнің егін егіп,
Мал баққысы келмейді.
«Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тілінбей»
Деген сөзіне Абайдың,
Ешқайсысы да сенбейді.
Ақылына көнбейді,
Демеңіздер, халайық,
Көр-жерді ақын тереді,
Сөзімнің сол дәлелі,
Елдің бәрі программист болса,
Егінді кім егеді?
Елдің бәрі блогер болса,
Етті елге кім береді?
Ойланайық, уақыт бар,
Мәселені келелі,
Мәселені келелі,
Кезегі әлі келеді!

**Абай ҚАЖИ**
**Әулиекөл ауданы**

# Қайран шешем..

Көк қамзолы үстінде,
теңізде жүзген кемедей.
Шешем шығатын алдымнан, мейірімі шалқар телегей.
Құрт ұсынатын, күлімдеп,
саусағының ізі бар.
«Жемесең жеме.
Үгіліп тұрған "ежегей».

Дыбысы іңкәр, Хайролла салған жырдайтын.
Ынтыға шыққан бір әуен ,
Ынтызар қылмай тынбайтын
Томарды тастап ошаққа,
Қаймағын май қып былғайтын

Қайран шешем,
Аяған соққан жүзікке,
нәп-нәзік жаның теңескен.
Бауырсағыңда пісуші ед
әкем көрінгенде белестен.
Айкүміс әжем секілді,
иманы асыл, сөзі алтын
Уақытқа мүлде бағынбай
өшіре алмаймын сені естен.

Түрімді қара, сағынған
бозторғай сынды жаураған.
Мүжіліп біткен үмітім,
көзімнің жасы саулаған
Шешесіз өмір білсең ғой,
қараңғы түнге ұқсайды
Жұлдызсыз айсыз.
О, тоба!!!
Менің тағдырымнан
Аумаған.

**Кәдірбек Жолпатұлы**



# Қабырға толқындары

(Айса Нұрманов рухына)

Естілер кетпен-күрек соқылдары
Қандай күш қара шалдар жойқындары
Кешегі өткендердің шежіресі.
Толқиды Қабырғаның толқындары

Жүзеді рахаттана қаздар қалқып,
Мұран жарар жусаның исі аңқып.
Шағалалар шаңқылдап шаттанады.
Аққуларым, жүзеді балқып шалқып

Шабақпенен ойнайды балақандар.
Риза тіршілікті жаратқандар.
Аталық аналықтын демеуімен,
Жүзіп барады кіп кішкентай балапандар

Еске түсер тарих салқындары.
Кұә-күә көзкөрген халқым бәрі.
Айса атам, аңсаған армандаған,
Қабырға толқындары

**Болат Молдашұлы,**
**Арқалық қаласы**









• Заманауи әңгіме

# Қанатсыз арман



*Таңертең мазасыз ұйқыдан оянған Ол. Өзінің төсекте жатып құбыжық жәндікке айналып кеткенін* аңғарды.

**Франц Кафка**

Ол төсектен тұрды. Аяғы жан сезбеді. Құлағы ештеңе естімей шуылдады. Көзі қарауытып алды мұнар тартты. Айқайлайын десе, дауыссыз, сөйлейін десе тілсіз қалды.

– Өрт сөндірушілер келген бе? — деді Сынық.

– Жедел жәрдем көлігі болар. Түні бойы саңырау Нұқының құлағынан әлдебір сұйық ағып, басын жерге соғумен болыпты, — деп Шер Сыныққа ағаш сапты балғаны алып берді.

– Темір сапты бер, — деді Сынық төс үстіндегі білезіктің өрнегіне көзәйнектің үстінен қарап отырып. Екеуінің шеберханада отырғанына бірнеше сағат болса да, бір жұтым су ішпестен зергерлер жұмысын жалғастыра берді. Балғаны біркелкі соққан үні Сынық пен Шердің сүреңсіз өтіп жатқан біркелкі өміріндей еді.

– Ауыл сол, жабырқаулы, көңілсіз, ал қора-қопсы іші толы ішкіштер. Біздің ауылдың хал-күйін кәрі ағаштары мен сыртының бояуы кеткен ауруханасынан біле берсеңіз болады, — деді ақсақал әкімге. Әкім ақсақалдың сөзін есітіп тұрды да жанындағыларға:

– Жедел жәрдем көлігі келген бе?

– Иә, осында, — деді пальто киген арық сары.

– Жұмыссыздық жанымызға батады. Жастардың бәрі қалада. Ол жақта да осы тірлік, — деп ақсақал иегін кемсеңдетіп күңкілдей берді. Көлік келді. Арық сары жүгіре басып көліктің есігін ашты да, әкімге:

– Жиналысқа кешігеміз, — деді.

Әкім қорбаңдай басып көлікке кірді. Ақсақал балғаның үні әуендей шығып жатқан шеберханаға қарап қала берді.

– Сынық? Осы балғаның дауысын музыкаға айналдырып алғалы жүйкеме тиюді қойғандай.

Сынық үнсіз білезікке үңіліп отыра берді. Шер сөйлеуін әдеттегідей тоқтатпады.

– Ән дерсің, мынаны саңырау Нұқы естімейді. Естісе әуел әуенге сөз жазып шығар еді. Сақау Орман сөйлей алғанда сарт-сұрт дегенді сахнада айтып беретінін білемін. Әлде шынымен Соқыр Бұланға осы әнді шырқатып көреміз бе?

Сынық үнсіз білезікке үңіліп отыра берді. Шер Сынықтан жауап болмаған соң темірді соғуын тоқтатты да, оған қарады.

– Болды енді, кеткен қыз кетті. Ойлама! — деп Шер орындығына барып отырды.

– Жай ғана кетсе ше? Бәрін алып бара жатқандай, — деп Сынық есікке қарап күрсінді.

– Иә, келесі апта той. Сенің сүйгенің Сәнімді ұзатады. Сонымен, сенің де, оның да хикаяларың бітеді, — деп Шер қолын сүрткішпен ысты. Сынық үнсіз қалды.

Күн ұясына батып, төңірек іңір құшағына сіңе бастағанда Сынық пен Шер шеберхананы құлыптап екеуі екі жаққа бөлек кетті. Айналада үрген иттердің үні ауыл аспанын үрейлі дауыстармен күңіретіп жіберді. Көктемнің майда лебі Сынықтың кеудесіне соғыла, жанына жылу бергендей серпілді. Келесі көшеге өте бергенде әкімнің көлігі Сынықты жолын бөгей тұра қалды. Көліктің терезесін маңғаз қозғала ашқан әкім:

– Сынықжан? Айналайын балам, амансың ба? – деп жылы амандасты.

– Армысыз аға!

– Сенде шаруам болып тұрған еді. Келесі апта қызымның ұзату тойы. Үйдегі жеңгең тойда жарқырап жүрейін дейді. Жақсылап тұмар алқа мен білезік соғып берсең, бір аптада үлгересің бе?

– Бастап қойған білезіктер бар, ұнаса келіп қарасын.

– Таңертең қызым Сәнімді жіберейін. Жеңгең тойдың қамымен жүр, өзі бара алмайтын шығар.

Көлік гүр етіп қозғалып кетті. Ащы түтінді жұтып, Сынық көше басында қалды. Ол ғұмырындағы ең соңғы арманының не екенін түсінгендей болды. Таң ата шеберхана ерте ашылды. Шер Сынық келместен бұрын бөлме бұрышындағы тоқ қыздырғышқа шай қойды. Үстелдегі қиық қаңылтырлар мен металдардың шаңын сүртіп, аспалы шамды іске қосты. Сынық шеберханаға кіріп, орындығына үнсіз отырды.

– Ұйқың шала болған ба? — деді Шер.

– Тапсырма алдым. Сәнімнің анасына білезік соғуым керек. Сен кешегі бітпей қалған сандықшаны әрлей бер, — деп аспалы шамды өзінің үстеліне бұрып алды. Шеберхананың қалың ағашты ескі есігі сықырлай ашылды. Көктемгі леп ішке жұмсақ еніп бөлмені кезіп кетті. Шер мен сынық есікке қарап еді жыртық пиджак киген Тұрлы арбасының дөңгелегін екі қолымен алға жылжыта берді. Шер жүгіре барып мүгедек Тұрлының арбасын көтере шеберханаға кіргізді.

– Тұрлы, хал қуаттысыз ба? — деп Шер сөйлей жүре арбаны итеріп, Тұрлыны төрге шығарды.

– Осы отырыс. Сендермен әңгіме айтайын деп келдім, — деп Тұрлы төс қалтасынан темекі суырды. Шер сұрамастан Тұрлының темекісінің біреуін жағып алды. Екеуі тұтатып енді будақтата бергенде, шеберханаға Сәнім кірді.

Төрдегі Тұрлы мен Шерге қарап бас изеп сәлемдесті. Сынық басын үстелден көтеріп қарап, білезікті қолына алып Сәнімге жақындады.

– Жүр сыртқа, — деп Сынық шығып кетті. Екеуі шеберхананы айнала артқы жаққа барған соң Сәнім көзін төмен қарата сөйледі.

– Мені кінәлама.

– Апаңа соққан білезікті қарашы. Көзін қақ ортасына түсіруге тырыстым, — деп Сынық білезіктің бетіндегі жасыл түсті оймақтай ғана тасты көрсетті.

– Қалаға кетейік дегенде, ауыл, ауыл деп аяқ баспадың. Түсінші мені. Сені қанша сүйгеніммен мұндай сүреңсіз тіршілік кешкім келмейді. Сенің балғаңның біркелкі дауысы менің құлақ етімді жеп бітірді, — деп Сәнім оған тік қарап өзінің кінәлі еместігін айтып, ақтала түсті.

– Алқа — тұмарды тойға дейін дайындап үлгеремін, — деп Сынық ауыл шетінен көзін әрі асырып, көкжиекке қарап тұрды.

– Мен ұзатылып барамын. Сенде жүре бермей басқа қыз тап. Ауылда отыра бермей қалаға көш. Жасың болса отызға келді, — деп Сәнім Сынықтың ішкі арпалысына құлақ түрместен, түсінуге тырыспастан бар ақылын айтты.

Сынық шеберхана сыртында біраз уақыт ойланып тұрып, ішке кірді.

– Сынықжан.

– Иә, Тұрлы!

– Менің арбада отырғаныма сегіз жыл болды. Қабақ шытып көрмеппін.

– Аяқтың сынығы, салдығы не болыпты, көңілдің сынығын айтсаңызшы? — деп Сынық үстелге қайта үңілді.

– Түсінікті. Бірақ мен ешқашан аяғыма тұрғым келмейді, — деді Тұрлы. Сынық үстелден басын көтеріп, Тұрлыға қарады.

– Несіне таңырқайсың, менің арбада отыра бергенім де жақсы шығар. Жүре алғанда не істеймін? Қолымнан не келеді? Аяққа тік тұрғанда адамдарға тигізер зияным көп еді, ал қазір тып-тыныш отырмын, – деп Тұрлы байсалды сөйлеп отырды.

Шеберханаға бірнеше адам кірді. Самбырлай сөйлей соңынан есікті жапты.

– Өздері де келе жатыр екен, қақпа алдында кезіктім, — деп орындықтарды бөлмеге қоя берді.

Соқыр Бұлан, керең Нұқы, мылқау Орман төрдегі Тұрлымен қол берісіп амандасып жатты. Бұлан шеберханадағы бір затқа соғылып сүрінбестен Сынықтың орнын тауып барып, қол берді. Оған дейін Шер орындықтарды дайындап, үстел үстіне газет жайып жіберді. Нұқы сөмкеден бірнеше сыраны шығарып үстелге қойды. Тұрлы төрден арбамен жылжып ортадағы үстелге жақындады. Орман жамау-жамау сырт киімін шешіп орындықтың арқасына ілді. Оның қалың шашы ұйысып, көздері үңірейе өңінде жылы із де қалмапты.

Соқыр Бұлан қолындағы кір басқан таяғын тастай сап, ол да отырды.

– Сынық, келсеңші, — деді Тұрлы.

– Осында, әкеліп берші, Шер, — деді Сынық. Олар сыраны ашып, аз-аздан ұрттай бастады. Шеберхана ішін ашқылтым иіс пен темекінің будақ түтіні жайлап алды.

– Нұқы, құлағың қалай? — деп Шер Нұқыға өзінің құлақ тұсын көрсетіп түсіндірді. Керең Нұқы бақырайған жүзінен Шерге түсінген адамдай қарады да, сырасын қалың ерніне тірей бір жұтып алды.

– Құлақ? Құлақ сол баяғы, естімейді. Кеше жедел жәрдем келді. Дәрі жазып берді. Мына сыра ашқылтым ба, қалай? — деп Нұқы айналасына қарады. Соқыр Бұлан Нұқының айқайлай дауыстап сөйлегенін естіп отырып, сыраны сіміре, бір күліп алды.

– Нұқының мұң-зарын, арман-тілегін менен басқа ешкім білмейді, — деді Бұлан.

Оның ағы басым көзі төбеге қадала қалған.

– Қандай арман бар бұл кереңде? Есітуден басқа?

– Оның естігісі келмейді. Сол секілді менің де көргім келмейді, — деді Бұлан. – Нені көрейін? Шер досым, сенің түріңді жатқа білемін. Білегің қалың, қысқа шашты, кәдімгі қара жігітсің. Ал біздің ауыл, сол баяғы құлазыған күйі, қаңыраған үйлер, құлағалы тұрған қоралар, нені көрейін? Кімді көрейін? Қайта осылай жақсы, айналамды сұлу табиғат, жамылған өлке деп елестете аламын, – деп Бұлан қозғалып қойды.

– Нұқы неге керендігінен арылғысы келмейді, – деп Шер таңдана түсті.

– Нұқы естігеннен не өзгереді? Оның құлағы естісе, еститіні сол баяғы әңгіме, біздің қаужап жүрген тірлік. Еститіні ақыл ғана. Нұқы анда бар, мұнда кел, қалаға көш, жұмыс жаса, кімге керек бұл тірілік? Естімегенім жақсы дейді. Оның бар арманы: күнде кешкі уақытта тоңазытқышта бес бөтелке сыра тұрса болғаны, – деп Бұлан керең Нұқының бар сырын ақтарды.

– Ал өзің де арман бар ма, Бұлан?

– Бар, бар. Болған. Мен су астын зерттеуді армандағанмын. Бірақ көз алдым көк тұман бәрін байлады, саңылау да көрмеймін. Қазіргі арманымды айтсам, Құдай мені темекімнен айырмаса екен, – деп күрсіне темекісін тұтатты.

Кешке дейін олардың сыралары да, армандары жайлы әңгімелері де таусылды. Тұрлы арбасында қалғып отырды. Керең Нұқы мен Шер бір-бірімен арпалыса, айқайлай сөйлей жүріп шеберхананы жиыстырды. Соқыр Бұланды мылқау Орман жетектеп алып кетті. Шер мен Нұқы шеберхана ішін шу қыла, Тұрлыны сүйреп әкетті. Олар кеткен соң, бөлме тыныш күйге түсті. Тоңы жібіп енді жұмсара бастаған жолмен Нұқы қараңғы түсе үйге жетті. Аузынан сілекейі аға есіктен кірген керең Нұқыны, төрде шәй ішіп отырған ірі денелі әкесі көрді де, орнынан түре кеп, ескі үйдің жамау еденін сықырлата Нұқыға жақындап келіп, ауыздан жуан жұдырығымен қойып қалды. Есікке соғыла Нұқы шалқасынан түсті. Әкесі текпіледі, керең үнсіз бетін қолымен басып жата берді.

Қақпа алдына енді жете бергенде соқыр Бұланды ағасы күтіп тұрды. Қараңғыда соқыр үйін дәл тауып келгенімен, ағасы оның кір басқан таяғын қолынан жұлып алды да, сол таяқпен Бұланның аяғынан, қолынан, желкесінен, арқасынан таяқ сынғанша сабады.

…Түске таяу Сынық балғаның тырсылынан оянды. Көз алды тұманнан әрең ашылды. Іспектей көзін сығырайта ашқанда, қаңылтырды соққылап отырған Шерді көрді. Орынынан әрең түрегеліп, құтыдағы сумен бетін жуа бастады.

–Достарымыздан айрылдық, — деді Шер қаңылтырды түзей соққылап.

– Айрылғаны қалай? — деп Сынық қолын сүлгіге сүртіп тұрып.

–Таңертең ауданнан көлік келді де Бұлан, Орман, Тұрлы, Нұқыны алып кетті. Туыстары ақылдасып келе оларды қаладағы оңалту орталықтарына жіберіпті. Ол жақта оқытады, тоқытады, қысқасы, кәсіпке үйретеді, — деп Шер болған жағдайды айтты.

Ауылдан олар кеткелі шеберхана әуелгі әуеніне, балғаның тарсылына ауысты. Сәнім ұзатылды. Сынық алқа-тұмарды уақытында жасап тапсырды. Шер сырасын тоқтатпады. Ауылдың тіршілігі жанданып, ағаш гүлдеп, жер кепсе де, шеберхана ішінің дымқыл ауасы демін қарайтып, сыздан арылмады. Орындықтар көгерді, бұрыш-бұрышты тышқан жайлады. Ағаш ұнтақтары еденді жапты. Бірнеше аптадан кейін Сынықтың шеберханасына қоңырау келіп түсті.

– Сынық, мен өзімді тапқандаймын, қаншама нәрсе үйрендім. Көзім ашылды. Келсеңші бізге, – деп Бұлан бар көңіліндегі сырды ақтарды. —Менің көргім келеді. Нұқының естігісі келеді. Мына айналаның бәрі мәнге толы екенін бұрын қалай ұқпағанбыз. Сынық сен келсеңші, — деп Бұлан дауысын көңілді көтерді.

Келесі күні Сынық ұйқысынан оянғанда ұялы телефонына бірнеше хабарлама келіп түсті.

Тұрлыдан: «Сынықжан, ертерек жинал, бізге кел. Менің арбадан тұрған кезімде қолыма сүйеу бол. Арманым өз аяғыма тұру екенін кеш ұқтым. Сен де кейбір байлықты бағалай алмай жүргендейсің». Сынық хабарламаны оқып шығып, келесісіне үңілді. Нұқыдан: «Сынық, менің құлағымнан ағатын сұйықтық тоқтады. Басымды жерге соққыламайтын болдым. Сөмкеңе киімдеріңді салып, бізге жол тарт. Тез айығасың», — деп жазыпты.

Мылқау Орман: «Мен әріптерді жүргізіп оқуды, жазуды үйреніп келемін. Тілім шықпаса да ойымды еркін жеткізе аламын. Арманым өзге тілден керемет мәтіндерді аудару», — деп хат қалдырған. Сынық достарынан келген хаттарды мұқият оқып шығып көзіне жас алды. Сәлден соң шеберханаға Шер келді. Қолында жол сөмкесі бар.

– Сынық, сау бол! Мен қалаға кетіп барамын. Жұмыс табылса табылар, табылмаса қайтып келермін, — деп қол қысты. Сынық көңілсіз күйде үнсіз отыр берді.

Кеш түсе шеберханадан шыққан да ауыл төбесінен қаңқылдаған қаздар тізбегі ұшып өтті. Сынық үйіне қарай жұмсара бастаған құмды баса аяңдады. Ертеңіне ұйқыдан оянғанда көзі бөлме ішін анық көріп, құлағы даладағы құстардың дауысын естіп, аяғына тік тұрды. Терең күрсіне «тағы да таң» деп күбірледі. Ауыл аспанынан қиқулаған қаздар тізбегі ұшып өтті. Сынықтың қанаты жоқ еді... Сынықтың сынық көңілі құлазыған ауылдан бетер болатын.

**Әлихан ЖАҚСЫЛЫҚ**



# Тарихи кітаптар табысталды

**Арқалық қаласындағы «Дала өлкесі тарихы» облыстық музейінде түркітанушы А.Нарымбаеваның тарихи кітаптарын табыстау рәсімі өтті.**

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Амангелді Қасымқызы алдымен мектепте, кейін Арқалық медицина колледжінде тарих пәнінің оқытушысы бола жүріп, түркітанушылардың жұмысын жүйелеу және түркі халықтарының тілі, тарихы мен мәдениетін зерттеу жұмысын бастауға шешім қабылдаған.

«Түркі өркениеті негізінде Шығыс пен Батыстың барлық ежелгі өркениеттері пайда болды». Бұл ой тарихи-археологиялық зерттеулердің талдаушысы Амангелді Қасымқызының «Арқайым. Прототиптер жасаған әлемдік өркениеттің ошағы» атты кітабына арқау етілген. Автордың басты мақсаты – Қазақстан барлық өркениеттердің эпицентрі екенін адамдардың санасына жеткізу. Тұран аумағында бұрын-соңды болмаған барлық дала мәдениеттерінің байланысы мен сабақтастығын көрсету. Түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі қаншалықты зор болғаны туралы айту. Археологиялық деректер мен тарихи зерттеулерге сүйене отырып, металл өңдеу, қала құрылысы және әскери өнер саласындағы негізгі жетістіктерге ие түріктер мен прототиптер деген сенсациялық қорытындыға келеді. Осылайша, Амангелді Қасымқызы өз кітабында прототиптер әлемде бірінші болып жылқыны қолға үйретіп, қола алудың құпияларын ашып, доңғалақ пен жауынгерлік арбаларды ойлап тапқанын дәлелдейді.



Іс-шара барысында автор туралы деректер көпшілік назарына ұсынылып, марқұмның өмір жолы айшықталған бейнебаян көрсетілді. Жолдасы ҚазССР білім беру ісінің үздігі, еліміздің спорт қайраткері Ерсайын Нарымбаев, ҚР Мәдениет қайраткері Бораш Әбенов, қалалық мәдениет сарайының әдіскері Елугүл Әбдікәрімовалар естеліктерін бөлісіп, аяулы жанның аманат етіп қалдырған кітаптары қаладағы білім және мәдени ошақтардың кітапханаларына салтанатты түрде табыс етілді.

**Суретті түсірген автор**
Арқалық қаласы

Басылым жаңғырығы

# Айтары бар күнделік

Биыл төл басылымымыз «Қостанай таңы» газетінің тартымды дүниелерді жариялап келе жатқаны аян. Солардың қатарында оқырман қауымын елең еткізіп, нөмір сайын ынтасын оятқан жарияланымның алдыңғы қатарында «Ахаң жүрген жерлермен» атты экспедиция күнделігін айтар едім. Себебі, оның авторы көптің бірі емес, бірегей кісі, сексен деген жастың сеңгіріне шыққан, осыдан небәрі бір жыл бұрын ғана шартарапты шарлап келген Ибраһим Ағытай қария! Біле білгенге бұл есім өңір оқырмандарына жақсы таныс, белгілі өлкетанушы, айтулы ахметтанушы, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, ел мен жер үшін тынымсыз тер төгіп жүрген ақсақал.

Былтыр алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы 2022 жылы ЮНЕСКО көлемінде өз еліміз-де, өңірімізде тойланғаны белгілі. Осы орайда, автор жолжазбасында: «Үш адамнан тұратын топ 2022 жылғы маусымның басында тәуекелге бел буып, жолға шықтық. Ол топтың жетекшісі менмін, көмекшім журналист, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Абылай Маудан, сосын телеоператор әрі фототілші қызметін атқаратын Қайрат Елеусіз есімді жігіт. Ғылыми емес, танымдық бағыттағы сапарнама ғой, ең бастысы межелеген жерге жетіп алайық, қалғанын бара көрерміз деп жұбаттық көңілді», – деп бастауынан-ақ Ибраһим ағамыздың көңіл түкпірі мен көкейіне келгенін бүкпесіз ақтара баяндайтыны бірден көзге түседі. Әсіресе, қарияның асқаралы жасына қарамастан мұндай ұзақ сапарға бел бууына не себеп?

Жазбасында: «Балаң күнімнен кешкілік қыр басында кеңес құрып отыратын, ертеңгілік желі басында, сәскелікте үйге келіп қымызда бас қосатын үлкендердің әңгімесіне әуес болдым. Сонда олар жан-жағына сақтана қарап алып «жарықтығым-ай», «данышпаным-ай», «есіл ерім-ай», «ғалым, білімпаз ғой» деген тұспалдарды сөз арасына сынамалап кіргізіп, тамсана айтушы еді. Кейбірінің аузынан: «Қарағым, дұғакөйім, қамқор анам», «ел бүгінші, менікі ертең үшін» деген өлең жолдары да аңдаусыз шығып кететін. Бәрі де жұмбақ әуез, тұспалмен «әлдебір адамды» меңзейді. Тіл ұшында тұрған сөзді айта алмай, іштен тынатындай. Мен осы «белгісіз кісі» кім екен деп, сырына ынтығып өстім», – деп Ибраһим ағамыз Ахаң тақырыбына келу себептерін егжей-тегжейлі баяндайды. Баянжазбадан жанкешті іздемпаздық, білуге деген құштарлық бірден баурап әкетеді. Күнделікті оқып отырып, оның бүкіл түйсік-танымы, жан әлемі осы бір алаш аяулысының тағдыр талайына айналып кеткенін байқайсыз.

«Шіркін, Ахаң жүрген жолдарды түгел араласам, көзіммен түгел көріп шықсам деген арман енді өмірлік мұратыма айналды. «Белгі бекзаттан қалады», атамның табаны тиген жерлерден бір жәдігер тауып, жұртыма сыйласам, одан асқан бақыт бар ма?!» дей келе, өлкетанушы бұдан бұрын да бірнеше рет экспедицияларға қатысқанын айтады.

Сонымен, экспедицияның бұл сапары әуелі Астана, одан соң Қарқаралы -Ақтоғайдан басталды. Қарқаралы Ахаң өмірінің маңызды бөлігі, ұлт келешегі үшін табанды күресі басталған мекен. Алғаш қуғын көріп, үкіметтің құрығына ілінген жері. Сапаршылар Астанада ғалымдар мен зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, Ахаңның кезінде Ресейдің құрамына кірген Қостанай өңірін қазақ жеріне қайтарғанының дәйек-дәлеліне қанып, тіпті радионы да қазаққа әкелген Ахаң екенін білді. Қарқаралыдан экспедиция Ахаңның Ақтеректегі ұстаздық еткен және жергілікті қоғам өміріне белсене кіріскен қызметінен тың мағлұматтар алады. Ал Семей өңірінде ахметтанушылар жергілікті өлке тану музейлері мен архивтерде, мешіттерде түрлі құжаттармен танысып, зерделі зиялы қауым өкілдерімен кездеседі. Ахаңның Семей түрмесіндегі қаладағы алаш арыстарымен болған кездердегі беймәлім сәттері туралы әңгімелерге қанады.

Жолжазбаның бір сүбелі тұсы Ресей сүрлеуі: Орынбор - Архангельск - Мәскеу – Қостанай сапары. Жер дауымен айқасқа түскен Челябі жеріне аялдап, жергілікті қазақтармен сұхбаттасады. Содан соң саяхатшыларымыздың астанамыз болған Орынбор жеріне табаны тиеді. Орынбор Ахаңның қызмет еткен, кітаптарын басып шығарған өңір. 136 мың қазағы бар Орынбор облысының қазақ өміріне қатысты дерегі мен шежіресі мол. Ибраһим бастаған экспедиция жергілікті зиялылармен дөңгелек үстелде бас қосып, мағлұмат бөліседі. Ахаңның бұрын белгісіз туыстары табылып, тебіреністі жүздесу болады. Архангельскіде Ахаң тұрған үйді тауып, ол тұтынған жәдігерлерді көріп, қуанышқа кенеледі. Қазіргі үй иесі Ахаң тұтынған үтікті қостанайлықтарға сыйға тартты. Содан соң ахаңтанушылар Ресей астанасына бағыт түзеді. Мәскеуге келіп Дон зиратына барып, арыстар рухына зиярат етті.

«Алаш ардақ тұтқан Әлихан Бөкейхановтың көктасын іздейміз. Сөйтсек, ұлт көсемінің құлпытасы да жоқ екен. Құдай-ау бұл не деген қысастық? Алаш үшін жүрек майын шам қылған ерен тұлғаға бір көктас артық етпес еді ғой», – дейді сапаршы қария. – «Коммунарка» зиратында Шақшақ Жәнібектің ұрпағы Ғазымбек Қорғанбекұлы Бірімжановтың да жатқанын білдік».

Бұдан кейінгі жол Баку сапары болды. Жұртқа мәлім, 1926 жылдың 26 ақпаны мен 5 наурызы аралығында Әзербайжан астанасында I Бүкілодақтық түркологтардың құрылтайы өткені белгілі. Бұл жиынға Қазақстаннан төрт делегат, яғни, А.Байтұрсынұлы, Н.Төреқұлов, Б.Сүлеев Е.Омаров қатысқан. Съезде негізінен Ахмет Байтұрсынұлының баяндамасы тыңдалған. Осы тарихи сәттен қалған із бейнетаспа сақталғаны туралы естіген қостанайлықтар әзербайжандықтарға қолқа салды. Іздестіру, сұрастыру, ресми хаттар жазу зая кеткен жоқ. Бакулық бауырлар құнды материалды тауып, Абылай Мауданның жеке поштасына 7 минут 55 секундтық тарихи таспаны салып берді. «Құрылтай президиумында отырған Ахаң бейнесі көзімізге оттай басылды. Оны дереу алаштанушы ғалымдарға көрсеттік. Олар бірауыздан Ахмет Байтұрсынұлы деп пікір білдірді» дейді жолжазбада. Сөйтіп бұрын соңды елге келмеген Ахаңның бейнетаспасы олжа болды. Бұл жаңалық сол күндері қазақ жұртына ел телеарналарынан паш етілді.

Ибраһим Ағытай қарияның Ресейдің Том және Омбы сапарының мақсаты – Ахаң қалдырған іздердің жаңғырығын есту болатын. Әрине, арада талай уақыт өтті. Кешегі іздер көмескі тартты, тіпті өшіп те кетті. Бірақ қайтсе де тарихи жерлерді өз көзіңмен көріп, көрген білгеніңді ой таразына салғанның жөні бөлек. Барды, көрді, әсер алды, ой түйді.

«Алматыда арыстар атылған ауыл «Жаңалықта» жазықсыз жапа шеккен марқұмдардың рухына дұға бағыштап, бір уыс топырақ алдық. Бұл да экспедиция атқарған үлкен міндеттердің бірі. Аттың басын қайтадан Торғайға бұрғанда, жиған жәдігерлерімізді жергілікті музейге табыстадық. Ал шүберекке түйілген бір уыс топырақ, Ахаңның кіндік қаны тамған Сарытүбектегі көзі жұмылғаннан кейін 85 жыл жылдан соң тұрғызылған кесенесіне салынды. Енді Ахаңның рухына зиярат етер зират бар. Күллі алаш кие тұтар нысан бұл», – дейді автор.

Сексеннің сеңгіріндегі қажымай-талмай, шаршамай-шалдықпай, бұралаң-бұрылысы көп жерді ұзақ сапарлаған ақсақалға неге тәнтіміз? Себебі, ол бұл сапарнамада талай билік тарапынан кездескен (Мәскеудегі елшіліктің селқостығы, уәде бергендердің сөзінде тұрмауы, белгіленген қаражаттың бөлінбеуі. т.с.с) сан-сапалақ бюрократиялық кедергілерге мойыған жоқ. Осы жазбасында оны бүкпесіз сыпайы болса да жеткізе білді. Бірақ ең бастысы, ақсақалдың бұл баянында дерек-дәйектер, естеліктер мен есте қалған есті ойлар мен толғаныстар бар. Автор өзі оқыған, көңіліне тоқыған талай кездесулердегі айтылған сөздер мен кесек-кесек ойлар, лебіздерді орнымен қолдана білген. Тіпті кей сәттердегі жүрек қылын шертетін сөйлемдерді оқып, жаныңыз жылиды. Бұл сапардағы жарасымды тандем - экспедиция мүшесі, белгілі ақын һәм жазушы, аудармашы Абылай Маудан болды. Абылай сапарнаманы кезінде әлеуметтік желіден үзбей баяндап отырғаны оқырмандар мен көрермендердің есінде. Оның үстіне осы жолсапардан жасалған деректі фильмнің де айтары мол дүние болып шыққаны аян.

**Жанұзақ АЯЗБЕКОВ**

## 14 қазан, Сенбі

**QAZAQSTAN**

6.05 Жәдігер. 6.30 Aqparat. 7.05 Күй-керуен. 7.45 Шаңырақ. 8.20 М.х. 9.00 Теледәрігер. 10.10 **«Қилы күндер».** 12.10 Qazaqstan даусы. 14.45 Дала дәмі. 15.10 Концерт. 16.45 М.ф. **«Ғажайып саяхат»**. 18.00 **«Қилы күндер».** 20.00 Aqparat. 20.20 Aqorda. 20.30 Qazaqstan даусы. 22.30 Т.х. 23.30 Әзіл әлемі. 0.35 Футбол.

**ЕВРАЗИЯ**

6.00 Той базар. 7.45 П@утіna. 8.50 Повара на колесах. 9.50 Т.с. **«Дорога в пустоту»**. 14.30 Qoslike. 16.20 Т.х. **«Бейкүнә»**. 17.15 Dastarxan. 18.30 Айна. 19.00 Т.с. **«Васильки для Василисы»**. 21.05 Т.с. **«Три сестры»**. 1.20 Т.с. **«Партнеры по преступлению»**.

**QOSTANAI**

7.00 **«Ынтымақ ауылы»**. 9.00 Arqa aqparat. 10.00 Тақырып. 10.35 7 nota. 11.10 Я умею. 11.30 М.с. 12.00 Тобыл тынысы. 13.30 «Шебер». 14.00 Технический перерыв. 17.00 Наследие народа. 17.20 **«Ынтымақ ауылы»**. 19.00 Көненің көзі. 19.30 7 nota. 20.00 Ақсұлу. 21.00 Apta aqparat. 21.30 Көңілашар. 22.20 **«Замандастар»**.

**АЛАУ** информационный портал

6.00 Өмір ағымы. 8.00 Жаңалықтар.8.25 Көкейтесті сұхбат. 9.00 РТН. 9.30 В ладу с природой. 9.50 ErkeLife. 10.05 Веселый поваренок. 10.15 Почемучки. 10.25 Маленькое путешествие по родному краю. 11.00 Т.с. 11.30 Ұлтық мұра. 11.40 Қара шаңырақ. 12.00 ErkeLife. 12.30 Герои рядом. 13.00 Т.с. 14.35 От первого лица. 15.00 Т.х. 17.30 Құрақ көрпе. 18.00 Т.х. 19.00 Точка зрения. 19.45 Город мастеров. 20.05 Т.с. 22.00 Беу, туған жер. 22.45 Құрақ көрпе.

**НТК**

7.00 Екі езу. 7.40 Т.х. **«Қағаз кеме»**. 8.30 Достық 99. 9.05 Insta like. 9.30 М.с. 9.50 Х.ф. **«Игры с огнем».** 12.00 Бір болайық. 15.00 М.ф. **«Монстры против пришельцев»**. 17.00 Уральские пельмени. 18.00 Х.ф. **«Джон Уик».** 19.50 Х.ф. **«Великий уравнитель-2»**. 22.20 Х.ф. **«Техасский рейнджер»**. 1.00 Қызық live.

**КТК**

7.05 **«Жимаудың жетістігі»**. 7.45 КТК-да Қабатов. 8.30 KTKweb. 9.00 Вечерние новости. 9.40 «Без ограничений». 10.20 **«Лети, перышко»**. 15.00 Т.х **«Аталар сөзі»**. 18.00 Шымкент-шоу. 21.00 Х.ф. **«Горько-соленое море любви»**. 1.15 Было дело.

**ХАБАР**

5.00 Кім мықты? 7.00 Қарақатпен шай. 08.00 Концерт. 10.00 **«Что скрывает ложь»**. 12.00 М.ф. «Садко». 13.20 М.с. 14.00 Дүлдүлдер дүбірі. 14.30 Маңдай тер. 16.00 **«Рауза. Сакура – жасөркен»**. 17.45 Асыл домбыра. 19.00 Cover show. 21.00 7 күн. 21.40 Х.ф. **«Письма к Джульетте»**. 23.40 Хабар спорт. 0.10 Әке бақыты.

**ASTANA TV**

6.00 **«Ене».** 6.20 **«Қара шаңырақ».** 7.20 М.с. 9.00 **«Осман 2»**. 10.30 Концерт. 13.20 Жұлдызбысың. 14.50 Х.ф. **«Чего хотят женщины»**. 17.50 Х.ф. **«Иллюзионист»**. 20.00 SarapTimes. 21.00 **«Осман 2»**. 22.25 **«Лакшми»**. 23.50 Х.ф. **«Чего хотят женщины»**.

**ЖЕТІНШІ АРНА**

6.00 Қуырдақ. 7.00 Концерт. 9.10 Юморина. 11.40 Т.с. **«Референт»**. 16.00 Жұлдызды шаңырақта. 16.40 Айна online. 17.10 Әзілtime. 18.00 ЖұлдызLife. 18.40 Гүл-гүл шоу. 19.40 Т.с. **«Яркие краски осени»**. 23.40 ЖұлдызLife.

**31 АРНА**

6.00 Әзіл студио. 7.00 BalaFunny. 7.30 Күліп All. 8.00 Tiktokshow. 8.30 Timevine. 9.30 Готовим с Адель. 10.00 Алдараспан. 11.30 Т.х. **«Сезім суретшісі»**. 12.10 Х.ф. **«День независимости»**. 15.20 Х.ф. **«Маша и Дударай»**. 17.40 М.ф. **«Ледниковый период-2»**. 19.40 Х.ф. **«Kingsman: Секретная служба»**. 22.40 Х.ф. **«Востание планеты обезьян»**. 0.50 Tiktokshow.

## 15 қазан, Жексенбі

**QAZAQSTAN**

6.05 Жәдігер. 6.30 Aqparat. 6.55 Күміс көмей. 7.35 Д.ф. «Дәуір даналары». 8.20 Aqsaýyt. 8.45 Көңіл толқыны. 9.20 М.х. 10.00 **«Қилы күндер».** 12.00 Qazaqstan даусы. 14.30 М.ф. **«Ғажайып саяхат»**. 15.45 Mergender mekeni. 16.35 Сағындырғанәндер-ай. 17.25 Әйел әлемі. 18.00 **«Қилы күндер».** 20.00 Apta. 20.50 Концерт. 22.30 Т.х. 23.30 **«Сезім толқыны»**.

**ЕВРАЗИЯ**

6.00 Той базар. 7.20 П@утіna. 8.10 Воскресные беседы. 8.20 Поехали! 9.15 Қаймақ. 9.50 **«Дорога в пустоту»**. 18.40 Әгугай. 20.00 Аналитика. 20.45 **«Три сестры»**. 1.00 Что? Где? Когда?

**QOSTANAI**

7.00 **«Ынтымақ ауылы»**. 9.00 Күміс көмей. 10.00 М.с. 10.30 7 nota. 11.00 30 секунд. 11.30 «Шебер». 12.00 Ақсұлу. 13.00 7 nota. 13.30 «Шебер». 14.00 Технический перерыв. 17.00 Қаржы құпиясы. 17.20 **«Ынтымақ ауылы»**. 19.00 Көңілашар. 20.00 Диалог. 21.00 Apta aqparat. 21.30 Менің қолтаңбам. 22.00 **«Замандастар»**. 23.30 Д.с. «Киелі Қазақстан».

**АЛАУ** информационный портал

6.00 Өмір ағымы. 8.00 Дәмдес болайық. 8.30 Қазақ даласының құпиялары. 9.00 ErkeLife. 10.00 Наша ретроспектива. 10.20 Почемучки. 10.30 Веселый поваренок. 10.40 Маленькое путешествие по родному краю. 11.00 Т.х. 11.30 Я - профессионал. 11.50 Ұлтық мұра. 12.00 Точка зрения. 12.45 Город мастеров. 13.00 Т.с. 15.00 Т.х. 17.30 Күн тақырыбы. 18.00 Т.х. 19.00 РТН. 19.30 Герои рядом. 20.00 Т.с. 22.00 Беу, туған жер. 22.45 Құрақ көрпе.

**НТК**

7.00 Екі езу. 7.40 **«Қағаз кеме»**. 8.30 Достық 99. 9.05 Insta like. 9.30 М.ф. **«Монстры против пришельцев»**. 11.20 М.ф. **«Виво».** 13.20 Х.ф. **«Джон Уик»**. 15.40 Х.ф. **«Великий уравнитель-2»**. 18.50 Х.ф. **«Веном».** 20.50 Х.ф. **«Ограбление в ураган».** 23.00 Х.ф. **«1408».** 1.40 Қызық live.

**КТК**

7.05. Ән мен әнші. 9.00 Парад юмора. 10.50 **«Горько-соленое море любви»**. 15.00 **«Аталар сөзі»**. 18.10 «18-25» Рахымжан Жақайымның ән кеші. 20.00 «Кел, шарқайық!», музыкалық халықтық шоу. 21.00 «Динамен дұрыс», сұқбат. 22.00 Портрет недели. 23.00 Х.ф. **«Земля Эльзы»**. 1.20 Х.ф. **«Многодетный»**. 2.45 Было дело

**ХАБАР**

5.00 Кім мықты? 7.30 Қарақатпен шай. 8.30 Культурный контекст. 9.00 Оянға өлке. 10.00 **«Письма к Джульетте»**. 12.00 М.ф. «Капитан семи морей». 13.15 М.с. 14.00 Covershow. 16.00 **«Рауза. Сакура – жасөркен»**. 18.15 Алғашқы. 19.30 Қызық times. 21.00 7 күн. 21.40 Отдел журналистских расследований. 22.15 Х.ф. **«Точка возврата»**. 0.15 Хабар спорт.

**ASTANA TV**

6.00 **«Ене».** 6.20 **«Қара шаңырақ».** 7.20 М.с. 9.00 **«Осман 2»**. 10.30 Шымкент-шоу. 13.20 Жұлдызбысың. 14.50 Құмыра жүрек. 17.00 Х.ф. **«Бизнес по-казахски»**. 19.00 Х.ф. **«Бизнес по-казахски в Америке»**. 21.00 **«Осман»**. 22.25 **«Лакшми»**. 23.50 Х.ф. **«Иллюзионист».**

**ЖЕТІНШІ АРНА**

6.00 Қуырдақ. 7.00 Концерт. 8.40 ЖұлдызLife. 9.10 Юмор! Юмор! Юмор!!! 11.40 **«Яркие краски осени»**. 16.00 Қызықты weekend. 17.00 Әзілtime. 18.00 Battleсөз. 18.30 Т.с. **«Нужен мужчина»**. 23.00 Х.ф. **«Отступники»**. 2.00 ЖұлдызLife.

**31 АРНА**

6.00 Әзіл студио. 7.00 BalaFunny. 7.30 Күліп All. 8.00 Tiktokshow. 8.30 Timevine. 9.00 TeleBingo. 9.25 Готовим с Адель. 10.00 Алдараспан. 11.30 **«Сезім суретшісі»**. 12.10 Х.ф. **«Маша и Дударай»**. 14.30 М.ф. **«Ледниковый период-2»**. 16.30 Х.ф. **«Kingsman: Секретная служба».** 19.30 Х.ф. **«Востание планеты обезьян»**. 21.50 Х.ф. **«Трон: Наследие»**. 0.50 К.ф. **«Күйеу берсең, күш бер»**.

Спорт

# Тоғызыншы турнир

**Еркін күрестен білікті бапкер Өтебек Бекбосыновтың жүлдесіне арналған тоғызыншы дәстүрлі республикалық турнир 2009-2011, 2012 жылғы ұлдар мен қыздар арасында өтті. Жарыста еліміздің, Қырғызстан мен Тәжікстанның балуандары бақ сынады.**





Өтебек Мырзахметұлы кеңес дәуірі кезіндегі Қазақстанның студенттер арасындағы чемпионы. Одақтық бірнеше жарыстың жүлдегері әрі жеңімпазы болды. Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Қаратал ауылында дүниеге келген. Меңдіқара ауданындағы еркін күрестің негізін қалаған. 2007 жылдан бастап Қостанай ауданына қоныс аударып, Заречный ауылында еркін күрес бөлімін ашты. Сол жерден Қазақстанның чемпионы Алтынбек Батырбеков сынды үлгілі шәкірттерін дайындап шығарды. Бұлардың қатарында Сәндібек Сәрсенов, Кәрісбек Махамбетовтердің шоқтығы биік. Олар Қазақстанның жеңімпаз-жүлдегерлері, спорт шеберлері. Бүгінгі осы жарыстың басты ұйымдастырушылары.

«Жарыс жақсы деңгейде өтті. Шәкірттеріме алғысымды айтамын. Осымен бұл жарыс тоғызыншы рет өткізіліп отыр. Қазіргі күрестің деңгейі биік. Оған еліміз егемендігін алғаны басты демеу болды. Жақсы-жақсы бапкерлер келді. Қазір барам десе, жарысқа кез келген жерге баруға болады. Облыста күрес одан әрі дамуы үшін әр ауданда бапкерлер мықты болуы керек. Сонда ғана күрес ілгерілейді деп ойлаймын», – дейді Өтебек Бекбосынов.

Өтебек Мырзахметұлының әріптестерінің бірі Рашит Мұхамеджанов жылда турнирдің жоғары деңгейде өтіп келе жатқанын айтады.

«Шетелдер мен облысымыздан балуандар келіп, аудан орталығында осындай жарыстың өтуі біз үшін зор мәртебе. Оның үстіне, бір емес, тоғыншы рет ұйымдастырылуда. Бұл да болса Өтебек замандасымыздың осы спортқа қосқан үлесі деп түсінеміз. Бұрын Қостанай ауданында еркін күрес болды. Кейін тоқсаныншы жылдары жабылып қалған. Содан кейін қайта жаңғыртып, жоғары деңгейге шыққанына көзіміз жетіп отыр», – дейді ол.

Шетел демекші, Қырғыз елінен шәкірттерін алып келген бапкерлердің бірі – Азамат Асанбеков.

«Қазақстанға шақырумен Бішкек қаласынан келдік. Екі баламыз жарыс чемпионы атанды. Екі бала үшінші орын үшін күресті. Турнир жақсы деңгейде ұйымымдастырылды. Былтыр да қатысқан болатынбыз. Сонда бұл жақтан үйренетін нәрсеміздің мол екенін түсіндік. Әсіресе, мында төрешілер әділ бағасын береді. Шәкірттерімнің көбі осы турнирден кейін ашылып жатыр», – дейді Азамат бапкер.

Жарыстың ең жас бапкері іргелес Рудный қаласынан шәкірттерін қосқан Ғали Байбатшаев. Жасы отызға жетпеген маман бүгінде ел чемпиондарын баптап жүр.

«Шәкірттеріме жаттығудағы дәрістен гөрі психологиялық дем бергенді қалаймын. Сол жағты қалыпты болса, кез келген жарысты жеңіп алуға болады. Соның арқасында бүгін төрт баламыз финалда өнер көрсетті», – дейді Ғали Байбатшаев.

Сонымен, жарыс қорытындысына келсек, Камила Чумаченко (Қарсу), Аруна Русак (Жітіқара), Арсения Квернадзе (Қостанай), Карина Дьяченко (Павлодар), Ксения Ящук (Жітіқара), Дарья Граб (Жітіқара), Дінмұхамед Бекім (Павлодар), Нұрсұлтан Ишенгазиев (Қырғызстан), Ерасыл Сұлтанов (Павлодар), Байәл Құрменбеков (Қырғызстан), Артур Миронычев (Рудный), Есиджон Талбаков (Тәжікстан), Қажытай Кемел (Павлодар), Ислам Алиякпаров (Рудный), Эмирлан Кошейбеков (Қырғызстан), Муслихиддин Худжиевтер (Тәжікстан) алтыннан алқа тақты.

**Айбек ҒАЛЫМҰЛЫ**
**Суреттерді түсірген**
**Бағдат АХМЕТБЕКОВ**
Қостанай ауданы



# Жастарды жинаған Жайдарман

**Қостанай қалалық «Мирас» мәдениет үйінде облыстық «Супер лига» Жайдарман 1/2 финал ойындары өтті. Оған жалпы саны 8 команда қатысты.**

Бейбіт НҰРМҰХАНОВ

Жайдарман ойындары Қоғамдық даму басқармасының жанындағы Жастар ресурстық орталығының тапсырысы бойынша ұйымдастырылды. «Жекпе-жек» форматында өткен ойында әр команда жеңіс тұғырынан көріну үшін барын салды. Іс-шараның ұйымдастырушысы, «Жайдарлы жастар» қоғамдық қорының директоры Марғұлан Бәкірдің айтуынша, жастардың басын бір арнаға тоғыстыратын лиганың пайдасы зор.

– Бүгінгі ойында 8 команда өнер көрсетті. Атап айтқанда, төрт команда Арқалық қаласынан, екеуі Торғайдан, біреуі Рудный қаласынан және Қостанайдан бір команда қатысуға келді. Командалар ішінен жеңген төрт команда финалға жолдама алады. Финал 8-ші қарашаға жоспарланып отыр. Ал финалдағы жүлде қоры 1-ші орынға 500 мың, 2-ші орынға 300 мың, 3-ші орынға 200 мың және «Үздік ойыншыға» 50 мың теңге ақшалай сыйлық беріледі, – дейді М.Бәкір.

Ойыншылар әзілдерінің басым бөлігін қоғамдағы оқиғалар мен мәселелерге арнады. Қостанайда болып жатқан соңғы жаңалықтарға мән беріп, тартымды әзіл арқылы жеткізе білді.

– Жайдарман ойындарын ойнап жатқанымызға биыл жетінші жыл. Осы ойынға бір аптаға жуық уақыт дайындалдық. Команда құрамында 5 бала бармыз, бірақ, өкінішке қарай, бір бала жеке себептерге байланысты келе алмай қалды. Ойында төртеуміз ойнадық. Басты қарсыласымыз – «Бренд» командасы. Себебі, олар Қостанай жайдарманының жілігін шаққан ойыншылар деуге болады, – деді «Техас» құрмасының капитаны Мақсат Жарылқасын.



Ойын нәтижесі бойынша Арқалықтан келген «Айқаз» және «Жер жарар», Рудныйлық «Техас», торғайлық «Болашақ Астана» сынды командалар финалдық ойынға жолдама алды. Облыстық 1/2 финалдық сайыстың «Үздік» ойыншысы әрі 30 мың теңгелік сертификат Мейрамбек Бейсенбекке табысталды.

**Суретті түсірген автор**

---

**«Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы» ММ бос қызмет орнына конкурс жариялайды**: Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ұзынкөл аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнындағы Байқау кеңесінің мүшесі.

**Конкурс өткізу күні:** хатқалтаны ашқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде.

**Конкурс өткізу орны:** 110000. Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қ. Быковский көшесі 4а, №311 кабинеті: телефон 8 7142 390-517

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Ұзынкөл аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мына мекенжайда орналасқан: 111800, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Мүсірепов көшесі,42 телефон: 8 (71444) 2-15-93.

**Негізгі қызметі** Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады. Кәсіпорын қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғауға конституциялық құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету және олардың сақталу кепілдіктерін қамтамасыз ету болып табылады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- жоғары білімі болуы, сондай-ақ, келесі талаптарды қамтиды:

1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйым бейіні және/ немесе экономика/ қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау саласында немесе басқару лауазымында ұйым бейіні және/ немесе экономика/ қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынандай жағдайда бақылау кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

**Конкурсқа қатысу туралы өтініш ұсыну мерзімі:**

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні мерзімді басылымдарда конкурс өткізу туралы жарнамасын орналастырған күннен кейін анықталады.

Құжаттарды қабылдау мерзімді басылымдарда конкурс өткізу туралы жарнамасын орналастырған күннен кейін отыз күнтізбелік күннен соң аяқталады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініші (еркін нысанда);

2) түйіндеме мемлекеттік және орыс тілдерінде;

3) өмірбаян (еркін нысанда);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаты көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 35 бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық санақ және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аймақтық бөлімшелерімен берілген сотталмағандығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурс қатысушысы өзінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктігіне (біліктігін арттыру, білімі деңгейі мен атағын, ғылыми жарияланымдарын беру, бұрынғы жұмыс орнынан ұсыныс беруі туралы құжаттары көшірмесі) қатысты қосымша ақпараттарды ұсынуы тиіс.

Қатысушы хатқалтаға конкурстық өтінім түпнұсқасын салып, оны «Түпнұсқа» деп белгілеп желімдейді. Осы хатқалтада қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) мен мекен-жайы көрсетілуі тиіс. Осыдан кейін хатқалта сыртқы хатқалтада желімделінеді.

Ішкі және сыртқы хатқалталар:

1) «Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы» ММ мына мекен-жайы бойынша жіберілуі тиіс: Қостанай қ. Быковский көшесі 4а, 311 каб.;

2) "Ұзынкөл аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы және "сағат 10.00 - ге дейін ашпаңыз **"09" қараша** 2023 (конверттерді ашу күні мен уақыты).

Конкурстық өтінім бір данадан жіберіледі.

**Құжаттарды қабылдауды бастау күні: 06 қазан 2023 ж.**

**ГУ «Управление здравоохранения акимата-Костанайской области»объявляет конкурс на занятие вакантной должности: члена наблюдательного совета в коммунальном государственном предприятии «Узункольская районная больница» Управления здравоохранения акиматаКостанайской области.**

**Дата проведения конкурса:** в течение пяти рабочих дней со дня вскрытия конвертов.

**Место проведения конкурса:** 110000. Республика Казахстан, Костанайская область, г. Костанай, ул. Быковского, 4А, кабинет №311: телефон 8 7142 390-517

Коммунальное государственное предприятие "Узункольская районная больница" Управления здравоохранения акимата Костанайской области находится по адресу: 111800, Республика Казахстан, Костанайская область, Узункольский район, село Узунколь, улица Мусрепова,42 телефон: 8 (71444) 2-15-93.

**Основная деятельность:** Предметом деятельности Предприятия является осуществление деятельности в области здравоохранения. Целью деятельности Предприятия является обеспечение реализации конституционных прав граждан Республики Казахстан на охрану здоровья и обеспечение гарантий их соблюдения.

**Требования, предъявляемые к участникам конкурса:**

- наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

1) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;

2) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;

3) членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

-не может быть членом наблюдательного совета лицо:

1) имеющее непогашенную или неснятую судимость;

2) являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;

3) ранее совершившее коррупционное правонарушение;

4) находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

**Срок представления заявлений об участии в конкурсе:**

Дата начала приема документов лиц, изъявивших желание принять участие в конкурсе, определяется со дня размещения объявления проведения конкурса в периодических печатных изданиях.

Прием документов заканчивается по истечении тридцати календарных дней со дня объявления проведения конкурса в периодических печатных изданиях.

**Необходимые для участия в конкурсе документы:**

1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);

2) резюме на государственном и русском языках;

3) автобиография (в произвольной форме);

4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;

5) копия документа о высшем образовании;

6) копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника согласно статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;

7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны:

1) быть адресованы ГУ «Управление здравоохранения акимата Костанайской области» по адресу: 110000, Республика Казахстан, Костанайская область, г. Костанай ул. Быковского 4 а, кабинет №311;

2) содержать слова «Конкурс членов наблюдательного совета коммунального государственного предприятия «Узункольская районная больница» и «Не вскрывать до 10.00 часов «9» ноября2023 года» (дата и время вскрытия конвертов).

Конкурсная заявка направляется по одному экземпляру.

**Дата начала приема документов: «06» октября 2023года.**

---

**8 771 213 72 02**
**нөміріне жаңалықтар жіберіңіз!**
**Жарнама, хат-хабар қабылданады.**

Әулиекөл ауданының аппарат ұжымы, аудандық мәслихат және ардагерлер кеңесі мен аудан азаматтары атынан, облыстық дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Теменов Ерлан Олжабайұлына

**анасы ТЕМЕНОВА Бахытжан Қалкенқызының**

кенеттен дүниеден озуына байланысты қайғыра көңіл айтамыз! Марқұмның жаны жәннатта, топырағы торқа, иманы жолдас болсын! Қайғыңызға ортақпыз! Алла марқұмның жақындарына сабыр берсін!

**Редакцияның мекенжайы:** 110000, Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 90

МЕНШІК ИЕСІ

«Қостанай таңы» газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор Кенжеш АМАНОВА

Директор-Бас редактор қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

**Директор-Бас редактордың орынбасары:** 54-84-44
**Шеф-редактор:** 54-67-65
**Тілшілер:** 54-79-68, 54-28-42
**Жарнама бөлімі:** 54-33-22
**Бухгалтерия:** 54-99-88
**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**
**Арқалықта:** 7-30-79, 8-701-323-54-91
**Аманкелдіде:** 8 7081999827, 8-777-115-95-35
**Жанкелдинде:** 21-0-75, 8-702-529-3879
**Сарыкөлде:** 49-0-23, 8-701-856-63-24
**Беттеуші-дизайнерлер:**
Бексұлу Ислам, Нұрсұлу Алмат.

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакция оқырман хатына жауап бермейді және оны қайтармайды.

А-4 форматта үш беттен асатын материалды қабылдамайды.

«Қостанай таңында» жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Ⓐ Ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 22.11.2018 жылы тіркеліп, **№17374-Г** куәлігі берілді.

«Қостанай таңы» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Офсеттік басылым. «**Полиграфия Қостанай**» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі №16. Бағасы келісім бойынша.

**Нөмірдің кезекші редакторлар:** Жандос ЖҮСІПБЕК, Сералы МЫРЗАБАЙ **Тапсырыс:** 1918 **Таралымы:** 5306




**Құттықтаймыз-60!**



Әулиекөл кентінде тұратын құдамыз **Төлеген Қасымханұлы Шыңғысов** 7 қазан күні 60 жасқа толады. Біз туған күн иесін мерейлі жасымен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық тілейміз! Құдамыздың ғұмыр жасы ұзақ болып, балаларының, немерелерінің қызық-қуанышын көруге жазсын!
Бүгінгі күн - бөлектеу күн, маңызды,
Маңыздысы - бүгін туған жан ізгі!
Алпыс мәрте Күнді айналған жұмыр Жер,
Сізге бақыт тілеп тұрған тәрізді.

**Құттықтаушылар:**
**құдасы - Айбек, құдағиы-Әсел**

# Ана тілге деген 7 қадам

Айбек ТАҢАТБАЕВ

**Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатымен осы жылдың наурыз айынан бастап «Қоғамдық келісім» мекемесі «Мемлекеттік тіл – этносаралық қарым-қатынас тілі» жобасын қолға алған болатын. Осы бастама аясында «Мемлекеттік тілге жеті қадам» облыстық форумының қорытындысы Жастар сарайында өтті.**




Жобаның мақсаты – түрлі ұлт жастарын мемлекеттік тілді үйренуге бастау, сондай-ақ қоғамдағы рөлін арттыру. Жобаны іске асыру барысында облыстың барлық қалалары мен аудандарындағы мектептерден 13 пен 18 жас аралығындағы екі жүзге жуық оқушы жеті қадамдағы жеті тапсырманы орындап, 7 ай бойы жемісті еңбек етті.

Осы жоба басталғалы қостанайлық оқушыларға жетекшілік жасаған жанның бірі Жанар Дүйсенбайқызы. Ол тың бастамаға барынша қолдау білдірген.

– Бұл байқау облысымызда бұрын болмаған, алғашқы көп ұлтты қамтыған жоба болды. Қаламыздағы мектептерден онға жуық оқушы бақ сынады. Әр кезең сайын оқушылардың қызығушылығы арта түсті. Жастар сарайында болған басқосу оқушыларға үлкен ой тастады. Әрине, Астана қаласына бару барлық қатысушының арманы екені анық. Оқушылар тағы да осындай бастама ұйымдастырылып жатса қатысамыз деп жігерленіп, қызығушылық танытып жатыр. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеретін, жастарды қызықтыратын іс-шаралар көптеп ұйымдастырылып тұрса қуанар едік. Алдағы уақытта жалғасын тауып жатса да жақсы болар еді, – дейді Қостанай қалалық білім бөлімінің әдіскері Жанар Жұмағұлова.

Жобадағы жеті кезең аралығында жастардың мемлекеттік тілді қаншалықты меңгергені сарапқа салынды. Ұлты бөлек болса да, тілге деген құрметі сезілді. Бірі шығарма жазса, енді бірі бейнебаян жасады. Сосын әлеуметтік желілердегі жазбалары бағаланды. Қатысушылардың бірі Әулиекөл ауданынан келген украин ұлтының өкілі Кира Роот.





– Елімізді, тілімізді әлемге таныта түссек деймін. Қазақ тілін білу әр қазақстандық азаматтың міндеті. Ол ұлтқа немесе өзге де жағдайға байланысты емес. Бастысы ынтамыз бен құрметіміз болса болғаны, – дейді ол.

Форумға Алматы, Астана қалаларынан бірнеше спикер келді. Солардың бірі африкалық Крис Блейк. Тегі басқа болса да қазақ тілінде еркін сөйлеп тұр. Тіпті домбыра тартып, өлең де жазады. Кәсіпкер әрі шоумен. Басқосуда өзінің тіл үйренудегі тәжірибесін айтып берді.

– «Ел – тірлік үшін, тіл – бірлік үшін», – деп мақалдап бастады ол өз сөзін. – Яғни, мемлекеттік тіл бізді біріктіреді. Қазақстанда жүрген соң қазақша сөйлеп, түсіну керекпіз деп ойлаймын. Ниет болса тіл үйренудің еш қиындығы жоқ. Сондықтан елімізде алғаш өтіп жатқан өзге ұлт өкілдері арсындағы форумға келіп, қатысып жатқаныма, мен сияқты қазақша сөйлеп тұрған өзге ұлт өкілдерін көріп, танысып жатқаныма қуаныштымын, – деді Крис Блейк.

Байқауға қатысқан балалар ұстаздарының жетекшілік етуімен әр кезеңнің тақырыбына сай эссе жазып, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытқан. Мемлекеттік тілде челлендж, туған жер туралы шағын бейнебаян түсіріп, тіл үйрететін арнайы тапсырмаларды орындаған. Бұл орайда жеті ай ішінде кезігетін атаулы мерекелердің де ескерусіз қалмағанын айтады. Мысалы, Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында осы жобаға тартылған мұғалімдер өз мектептерінде «Тіл – ел тірегі» деген тақырыпта сынып сағаттарын өткізсе, маусым айында оқушылар «Ауылым – алтын бесігім» деп аталатын бейнебаян жасаған. Ал, шілдеде онлайн режимде өткен жиында әр бала «Мемлекеттік тілдің мәртебесін қалай арттырамын?» деген сауалға ауызша жауап беріп, көпшілік ортада өз ойын еркін жеткізуге талпынған.

Балалар бұдан тыс берілген тілдік тапсырмаларды орындап біткен соң, ай сайын білікті тіл мамандарынан құрылған қазылар алқасының қарауына жіберіп отырған. «Мұнда қазақ тілін әртүрлі деңгейде меңгерген балалар отыр. Біздің мақсатымыз – олар тілді әбден меңгеріп алғанша қолдау көрсету, бір нәтиже шығарғанша көмектесу, өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге деген сұранысын қалыптастыру, олардың өздерінің ішінде мемлекеттік тіл тыныстай алатындай тілдік орта құру. Аталған жобаға облыстық қоғамдық даму басқармасы бастан-аяқ қолдау көрсетті», – дейді жоба авторы қоғамдық келісім мекемесінің басшысы Наталья Рамазанова.

Міне, осылайша байқау өз мәресіне жетіп 10 бала үздік бейнероликтің авторы ретінде танылды. Байқаудың жеңімпазы ретінде 10 оқушы анықталды. Қазақ тілін жетік меңгерген Қостанай ауданының оқушысы Элина Сергейқызына да қосымша экскурсияға жолдама берілді. Жеңімпаздар Астана қаласындағы мәдени орталықтарды аралап, Алжир мұражайы, ұлттық кітапхана, ұлттық музей, бейбітшілік пен келісім сарайы, Тұңғыш президент мұражайлары сияқты көрікті жерлерге саяхат жасамақ.



Суреттерді түсірген Б. МЕЙРАМҰЛЫ